Тексерілді:
КМҚК №35 «Балақай»
бөбекжай – бақша әдіскері
_____ Киртанова А.С

№35 «Балақай» бөбекжай – бақшасының 2021-2022 оқу жылындағы ересек «Шаңырақ» тобының күн тәртібіндегі тәрбие, оқу қызметінің циклограмма жинағы

Қыркүйек айының I аптасы 01.09 - 03.09.21 ж «Шаңырақ» тобының күн тәртібіндегі тәрбие, оқу қызметінің циклограммасы.

Өтпелі тақырыбы:« Балабақша»

Апта тақырыбы: «Менің балабақша»

Мақсаты: Инновациялық әдістер мен технологияларды қолдану негізінде балалардың ауызша қарым-қатынас жасау дағдыларын, танымдық ой-өрістерін, шығармашылық, эстетикалық талғамдарын және жеке тұлғаның әлеуметтік білім, біліктерін жетілдіру.

Міндеттері: Қимыл әрекеттерін ұйымдастырудың түрлі нысандарында қимылдарды дұрыс орындау, негізгі қимыл түрлерін және денсаулықты сақтау негіздерін жетілдіру;

2. Ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын дамыту;

3. Сенсорлық қабілеттерін, танымдық қызғушылықтары мен шығармашылық қиялдарын жетілдіру;

4. Сезімдік қасиеттері, эстетикалық талғамдары және бейнелеу дағдылары мен музыкалық білімдерін кеңейту;

5. Отансүйгіштік сезімдерін күшейту және өзіне қызмет ету дағдыларын дамыту. Отансүйгіштік сезімдерін күшейту және өзіне қызмет ету дағдыларын дамыту.

Күн тәртібі.	**Дүйсенбі**	**Сейсенбі**	**Сәрсенбі** **01.09.**	**Бейсенбі** **02.09.**	**Жұма** **03.09.**
Балаларды қабылдау. Ата-анамен әңгімелесу.	Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: Балабақша туралы түсінік беру. Балалардың танымдық ой-өрістерін, шығармашылық, эстетикалық талғамдарын және жеке тұлғаның әлеуметтік білім, біліктерін жетілдіру. Отансүйгіштік сезімдерін күшейту және өзіне қызмет ету дағдыларын дамыту.				
Ойындар (үстел үсті, дидактикалық, саусақ т.б.)			**Сурет бойынша әңгіме:** «Менің балабақшам» **Мақсаты:**сурет бойын ша әңгіме құрап айтуға,	**Өлең жаттау:** Балабақша есігін, Үшке тола ашқанбыз. Балапандай өсіріп, Мәпелейді	**Үстел үсті ойыны:** «Менің балабақшам» **Мақсаты:** Балабақша туралы түсінік беру.Балабақша қызмет керлері туралы айту

			өз ойларын еркін жеткі зе білуге үйрету.Байла- ныстырып сөйлеу дағ дысын қалыптастыру.	бақшамыз. **Мақсаты:**балалардың тілін дамыту.Өлең сөз дерін қайталату арқы лы,жаттауға үйрету.	үлкен дердің еңбегін құрметтеуге, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.
Ертеңгілік жаттығу.	**Таңғы жаттығулар кешені дене шынықтыру маманының жоспары бойынша №1**				
Таңғы ас.	**Астарың дәмді болсын!** Тамақты төгіп-шашпай ұқыпты ішу,майлықты қолдануға үйрету.Тамақтан соң алғыс айту.Таңғы аспен таныстыру.				

Ойындар, ұйымдастырылған оқу қызметіне дайындық.			**Д\о:** «Бұл қандай бөлме» **Мақсаты:**Балабақша- дағы топ ішіне саяхат жасау,бөлмелерді ажырата білу.Топта тәртіпті сақтауға тәрбиелеу.	**Ойын жаттығуы:** «Бақшамызға бара- мыз» өлеңін айтқызу. **Мақсаты:**Өлең жолдарын қайталату арқылы балаларды достыққа, татулыққа тәрбиелеу.	**Саусақ ойыны:** Саусағымда сақина, Санап көрші кәнекей. 1,2,3 Бір,екі,үш Демалайық жинап күш. **Мақсаты:**балалардың тілін дамыту.
Ұйымдастырылған оқу қызметі.			**1.«Коммуникация»** **Сөйлеуді дамыту.** **Т/бы:"Балабақша үйіміз"**	**1.«Шығармашылық»** **Музыка** **Мақсаты:**	**1.Денсаулық»** **Дене шынықтыру** **Мақсаты: Ойындарды** ойнауға және

			Мақсаты:Балаларға балабақша туралы түсініктерін кеңейту. Ішкі-сыртқы ауласы мен топтар, бөмелер, асхана, саз залы мен дене шынықтыру бөмелері және мед.бөлмелер туралы әңгімелету. Заттардың сапалары мен қасиеттерін білдіретін зат есімдермен байыту. Антоним сөздерді (үлкен-кіші) сөздік қорларына енгізу, зейінін, тілін дамыту. Ұжымда мейірімді, достық қарым-қатынастарын қалыптастыру. Балабақшадағы топ бөлмелерін таза ұстауға, ұқыптылыққа тәрбиелеу. **Д/О: «Кім тез байқайды?»** **Максаты:** Сөздерді бекіту, есте сақтау қабілеттерін, зейіндерін дамыту. **Ойын шарты:** Тәрбиеші балалар көздерін жұмған кезде, балабақшаның әр бөлмесінің суреттерін орнын	Бірінің артынан бірі жүру барысында би ырғағын игеруді әнді көңілді айтуға үйрету. **3. «Таным» Математика негіздері.** **Т/бы:«Бір және көп.Үлкен және кіш, шеңбер.** **Мақсаты:**.Бір және көп ұғымдарын қалыптастыру,геометриялық пішіндер туралы білімдерін бекіту. **Д/О: «Біреу және көп»** **Ойын мақсаты**: «Біреу және көп» ұғымын ажырата алуға үйрету. Тәрбиеші балалардан заттардың арасынан бір және көп заттарды табуды өтінеді. Мысалы: сағат біреу-ойыншық көп; тақта	жаттығуларды орындауға қызығушылықтарын арттыру.Қолдарымен еденге сүйеніп, шығыршыққа еңбектеп кіру; тақтай үстімен тепе- теңдік сақтап жүру.Кішкентай допты еденге ұру және жоғарыға қарай лақтырып, оны қағыпалу **Қимылды ойын:** «Кім бірінші» **2. «Таным»** **Құрастыру.** **Т/бы: «Біздің балабақшаның ауласы»** **Мақсаты:**Балабақша ауласындағы құралдарды құрылыс материялдарынан жасай алуға үйрету,ауладағы құралдарды құрастыру арқылы ойлау қабілетін дамыту,өздері ойнайтын құрал жабдықтарға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу.

			ауыстырып қояды, ал балалар орындары ауысқан бөлме суреттерін атайды **2. «Шығармашылық» Музыка** **Мақсаты:** Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдауды, бірдей қарқында ән салуға үйрету.	біреу-парта көп; бір аквариум-көп гүл. **Ойын шарты:**Үшбұрыш үйшікке кіріп, жарықты жағып, сонда тұра бастады. Бір уақытта біреу есікті қағады. Үшбұрыш: «Бұл кім?» деп сұрайды. Шаршы көрінеді. Балалар оны атайды, егер балалар атын атауға қиналса, тәрбиеші өзі атайды. Бәрі бірге оның бұрыштарын санайды, барлық қабырғаларының бірдей екендігін атап өтеді	**3.«Қатынас»** **Көркем әдебиет** **Т/бы:"Менің балабақшам"** **Мақсаты:**Балабақша туралы түсініктерін кеңейту, ұжымдық қарым-қатынас дағдыларын дамыту, өлең жолдарын мәнерлеп оқу, мазмұнын түсініп, тыңдай алуға, есте сақтауға үйрету. Балабақшадағы үлкендер еңбегіне құрметпен қарауға, сүйіспеншілік сезімдеріне, сыйластыққа тәрбиелеу. Д/О: «Балабақшада кімдер қызмет етеді». Максаты: Балабақша туралы түсінік беру, балабақша қызметкерлерінің еңбегін бағалай білуге тәрбиелеу. Өз балабақшаларына деген сүйіспеншілігін арттыру. **Ойын шарты:** Тәрбиеші балаларға жұмбақ жасырады.

					Жұмбақтың шешімі арқылы балабақша қызметкерлерін ажыратады. Кім бізге сурет салуды, ән айтып, би билеуді, ойнауды үйретеді ? **(тәрбиеші)** Кім бізге ыстық тамақ әзірлеп береді? **(аспазшы)** Ақхалатты, абзал жан, Мейірімнен жаралған. Біз ауырсақ,жөтелсек, Емдеп жүрер әрқашан **(дәрігер)**

Серуенге дайындық.	Серуенге шығу,балаларды біртіндеп киіндіру,киімдерінің дұрыс киінуін қадағалау,қатармен жүруге дағдыландыру.				
Серуен.			**Бақылау** Ауа-райын бақылау **Мақсаты:**Күзгі табиғаттағы өзгерістер туралы түсінік беруді жалғастыру(күн салқын,жаңбыр жауады, салқын жел соғады).	**Бақылау** Топырақты бақылату. **Мақсаты:** Топырақтың түрлерімен,қасиеттері туралы танымдарын кеңейту.Құрғақ топырақ пен ылғал топырақтың	**Бақылау** Жүк көлігін бақылау. **Мақсаты:** Жүк көліктерін ажырата білуге үйрету. Балалардың көңілін балабақшаға тамақ тасушы машинаға аудару.Бұл

			Күзгі ауа-райындағы құбылыстарды әңгімелеп айтқызу. **Еңбек:** Ересектердің көмегімен ойын алаңын тазалау. **Мақсаты:**Балаларды ұжыммен бірге еңбек етуге үйрету,тазалыққа, тәрбиелеу. **Қ\о:** «Күн мен жаңбыр» **Мақсаты:**балаларға табиғат құбылыстарын сезіне білуге үйрету. **Жеке жұмыс:** Бағдаулетке күз мезгілінің ерекшеліктерін айтқызу. **Мақсаты:**күз мезгілінің ерекшеліктерін меңгерту, сөздік қорын дамыту. **Еркін ойындар:** Тәрбиешінің жетекшілі- гімен ойындар ойнату. **Мақсаты:**Еркін ойын барысында серуенге қызығушылығын арттыру, бір-бірімен еркін қарым	айырмашылығымен таныстыру. **Еңбек:** Ересектердің көмегімен қарапайым еңбек тапсырмаларын орындау. **Мақсаты:**Балаларды еңбексүйгіштікке,таза-лыққа тәрбиелеу. **Қ\о:**«Тышқан мен мысық» **Мақсаты:**Жылдамдық қа, шапшаңдыққа баулу. **Жеке жұмыс:** Раянға апта күндерін айтқызу. **Мақсаты:**Сұрақтарға толық жауап беруге дағдыландыру,сөздік қорын дамыту. **Еркін ойындар:** Тәрбиешінің жетекшілігімен ойындар ойнату. **Мақсаты:**Еркін ойын барысында серуенге қызығушылығын арттыру,балаларды бір-бірімен ойын барысында өз ойларын еркін	машинаның өте маңызды жұмысты атқарып жүргенін түсіндіру. **Еңбек:** Ересектердің көмегімен ойын алаңын дағы тастарды жинау. **Мақсаты:**Еңбек құралдарын пайдалану әдісін үйрету,бірлесе отырып еңбек етуге, тазалыққа баулу. **Қ\о:** «Мені қуып жет» **Мақсаты:**Жылдамды қа шапшаңдыққа баулу. **Жеке жұмыс:** Айлеляға «Ойыншық машина» өлеңін жаттату. **Мақсаты:**шағын өлеңді жатқа айтқызу арқылы тілін дамыту. **Еркін ойындар:** Тәрбиешінің жетекшілігімен ойындар ойнау.

			-қатынас жасауға үйрету	жеткізуге үйрету.	**Мақсаты:**Еркін ойын барысында серуенге қызығушылығын арттыру, бір-бірімен еркін қарым -қатынас жасауға үйрету.

Серуеннен оралу.	Өз бетімен шешінуге,киімдерін шкафтарына жинап салуға,ұқыптылыққа үйреу. Беті қолдарын сабындап жуу.				
Түскі ас.	Үстел басына қолды жуғаннан кейін отыру.Орындыққа өзі отырып, тұру.Тамақты төгіп-шашпай ұқыпты ішуге,тамақтан соң алғыс айтуға үйрету.Түскі аспен таныстыру.				
Түскі ұйқы.	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату.				
			Баяу музыка тыңдату.	«Әлди-әлди»әнін айтып беру	Баяу музыка тыңдату.
Біртіндеп тұру. Ауа, су ем шаралары	**Ұйқыдын ояту жаттығу кешені №1.** 1.Ұйқыдан ояну, созылу, керілу. -Қол белде,басты оңға,солға,алға бұру. -Кезекпен оң қолды және сол қолды кезекпен көтеру. -Оң жаққа,сол жаққа бұрылу. -Қолды аяқ ұшына жеткізу,бастапқы қалыпқа келу. 2.Гимнастикалық жолдан жүру. Оң аяққа 1-2-3,Сол аяққа 1-2-3.Массаж жасау білеміз,Арнайы жолдармен жүреміз. 3.Тыныс алу жаттығулары.Қолға шарды аламыз,Қатты-қатты үрлейміз. Уф-ф-ф,Уф-ф-ф... Қатты үрлеген шарларды,Кейде жарып аламыз. 4.Жуыну. Салқын сумен беті – қолдарын жуу.				

Бесін ас	Тамақты ұқыпты ішу.Тауысып жеп болған соң тұруға дағдыландыру. Тамақтан соң алғыс айту. Бесін асымен таныстыру.				
Ойындар дербес әрекет			**Вариативтік компонент** Түрлі-түсті бөлшектер Ойын: «Балабақша» құрастыру **мақсаты:** Балаларды түрлі-түсті бөлшектермен таныстыру, бөлшектерді пайдаланып балабақша құрастыру.	**Вариативтік компонент** «Кел,билейік!» **Мақсаты:** Ойыншық арқылы балалардың биге қызығушы- лықтарын қабілетін арттыру	**Үстел үсті ойыны:** «Менің балабақшам» **Мақсаты:** Түрлі-түсті бөлшек терден балабақша ғимаратын тұрғызу.Ойынға деген қызығу шылықтарын арттыру. Әңгімелеп айтуға дағдыландыру..
Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс.			**Жеке баламен жұмыс:** Алиге сурет бойынша сұрақтарға толық жауап беруге үйрету. **Мақсаты:**Сұрақтарға толық жауап беруге дағдыландыру, сөздік қорын дамыту.	**Жеке баламен жұмыс:** Ақжүніске дұрыс бағдарлауды үйрету.Оң,сол. **Мақсаты:** кеңістікті дұрыс бағдарлауды дағдыландыру, оң жақта,сол жақта ұғымын меңгерту.	**Жеке баламен жұмыс:** Айсұлтанға түрлі-түсті шардың суретін үлгі бойынша салдыру. **Мақсаты:**Түстерді ажырата білуге, қарындашты дұрыс ұстауға үйрету.
Серуенге дайындық	Өз бетімен киінуін аяқ киімдерінің бауын байлауын, салуын, киімдерінің түймесін салуын, қадағалау үйрету, мадақтау.				
Серуендеу	**Мақсаты:**Қызығушылықтары бойынша ойындар ұйымдастыру,қарапайым тапсырмаларды орындауға үйрету,достыққа тәрбиелеу.Күз мезгілінің ерекшеліктерімен таныстыру,аспанды,ауа – райын бақылату,топырақты бақылатып,оның түрлері мен қасиеттері туралы айту , көшедегі жүк көлігін бақылату.				

Бала-дың үйге ора- лу. Ата-ана мен сұхбат тасу.			Балалардың бала бақшадағы іс-әрекеті туралы әңгімелесу. Берілген тақпақтарын жаттатқызу.	Балалардың бүгінгі жетістігі,бала денсаулы- ғы жөнінде әңгімелесу. Балаларды жыл мезгілі- не сай киіндіру.	Жаттаған тақпақтарын үйде айтқызу және баламен үйде әңгімелесуді тапсыру.

Қыркүйек айының II аптасы 06.09 - 10.09.21 ж «Шаңырақ» тобының күн тәртібіндегі тәрбие, оқу қызметінің циклограммасы.

Өтпелі тақырыбы:« Балабақша»

Апта тақырыбы: «Менің достарым»

Мақсаты: Инновациялық әдістер мен технологияларды қолдану негізінде балалардың ауызша қарым-қатынас жасау дағдыларын, танымдық ой-өрістерін, шығармашылық, эстетикалық талғамдарын және жеке тұлғаның әлеуметтік білім, біліктерін жетілдіру.

Міндеттері: 1.Қимыл әрекеттерін ұйымдастырудың түрлі нысандарында қимылдарды дұрыс орындау, негізгі қимыл түрлерін және денсаулықты сақтау негіздерін жетілдіру;

2. Ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын дамыту;

3. Сенсорлық қабілеттерін, танымдық қызғушылықтары мен шығармашылық қиялдарын жетілдіру;

4. Сезімдік қасиеттері, эстетикалық талғамдары және бейнелеу дағдылары мен музыкалық білімдерін кеңейту;

5. Отансүйгіштік сезімдерін күшейту және өзіне қызмет ету дағдыларын дамыту. Отансүйгіштік сезімдерін күшейту және өзіне қызмет ету дағдыларын дамыту.

Күн тәртібі.	**Дүйсенбі** **06.09**	**Сейсенбі** **07.09.**	**Сәрсенбі** **08.09.**	**Бейсенбі** **9.09.**	**Жұма** **10.09.**
алаларды абылдау. та-анамен ңгімелесу.	Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: Балалардың көңіл-күйін бақылау,дене қызуын өлшеп тазалықтарын тексеру.Арнайы журналға тіркеу.Мәдени-гигиеналық шараның орындалуын қадағалау. Ата – аналармен жұмыс: «Балалардың демалыс күндері қалай,қайда өткізгендері жайлы» әңгімелесу.				
йындар стел үсті, идактикалы саусақ т.б.)	**Дидак\ойын:** «Досыңа көмектес» **Мақсаты:**Балаларға дос туралы әңгімелей отырып,олардың достық қарым-қатынасын нығайту.Адамгершілікке,бауырмалдылыққа тәрбиелеу.	**Ертегі оқып беру:** «Үйшік». **Мақсаты:**Ертегі желісін айтып беруге үйрету дағдыларын қалыптас- тыру.Достыққа,бауырмалдылыққа,адамгершілікке тәрбиелеу.	**Фотосуреттер қарастыру:** «Менің достарым» **Мақсаты:** фотосуретте бейнеленген достарын атап беру,достарына құрметпен қарауға, достыққа,бауырмалдылыққа тәрбиелеу.	**Өлең жаттау:** Достар бірге жүреміз, Бірге ойнаймыз, күлеміз. Бірге балық аулаймыз, Міне,біздер қандаймыз **Мақсаты:**балалардың тілін дамыту.Өлең сөз дерін қайталату арқы лыжаттауға үйрету.	**Саусақ жаттығуы:** **«Достық»** Қыздар менен ұлдар, Дос қой біздің топта. Ұсынса біреу қолын, Ешқашан бас тартпа. **Мақсаты:**өлең шумақтарын айта отырып балалардың тілін дамыту. Сөздік қорын дамыту.
ртеңгілік	**Таңғы жаттығулар кешені дене шынықтыру маманының жоспары бойынша №1**				

аттығу.	
аңғы ас.	**Астарың дәмді болсын!** Тамақты төгіп-шашпай ұқыпты ішу,майлықты қолдануға үйрету.Тамақтан соң алғыс айту.Таңғы аспен таныстыру.

йындар, йымдастыр лған оқу ызметіне айындық.	**Д/ойын:** «Менің досым». **Мақсаты:** Балаларға дос туралы әңгімелей отырып,олардың достық қарым-қатынасын нығайту.Әр бала өзінің қолындағы сурет арқылы өзінің досын анықтайды.	**Үстел-үсті ойыны:** «Менің достарым». **Мақсаты:** «Менің достарым» тақырыбы бойынша суретті картиналар қарау және сурет бойынша әңгімелеп айтып беруге дағдыландыру.Сөздік қорын дамыту.	**«Мақал-мәтелдер» айтқызу.** **Мақсаты:** достық туралы мақал-мәтелдер үйрету. Сөздік қорын молайту,тілін дамыту.	**Ойын жаттығуы:** «Дұрыс,бұрыс» **Мақсаты:**тәрбиеші сөйлемдер айтады,бала лар дұрыс болса«дұр- ыс»деп,дұрыс емес бол са «дұрыс емес »деп жауап береді. Қойыл- ған сұрақтарға толық жауап беруге дағды- ландыр.	**Санамақ ойыны:** Бір дегенім-бесік, Шықтық содан өсіп. Екі дегенім-елім, Орман,тауым,көгім. Үш дегенім-үміт, Үміт артар жігіт.... **Мақсаты:**балалардың тілін дамыту.
йымдастыр лған оқу ызметі.	1.«**Денсаулық**» **Дене шынықтыру** **Мақсаты:**Допты екі қолмен қағып алуға үйрету.Спортқа деген қызығушылықтарын арттыру.Допты еденге соғу	1.«**Денсаулық**» **Дене шынықтыру** **Мақсаты:** Шашырап жүруге және жүгіруге үйрету.Жылдамдық жәнеептіліктерін дамыту.Бір бағытты ұстап, бір-біріне допты домалату; доғаның	1.«**Қатынас»** **Сөйлеуді дамыту.** **Т/бы:«Менің достарым»** **Мақсаты:**Балаларға достық сөзінің мағынасын түсіндіру, өлең мәтінін тыңдауға,	1.«**Қатынас»** **Көркем әдебиет** **Т/бы:«Адал дос»** **М.Төрежанов** **Мақсаты:**Балаларға жеткі лікті түрде әңгімені	1.«**Таным**» **Математика негіздері** **Т/бы: «Заттар тобын салыстыру.Оң жақта,сол жақта.»** **Мақсаты**:Екі үш санды салыстыру ,үлгі бойынша санау.Уақыт

	ға жаттықтыру ; жүргізушіні ауыстырып, түрлі бағыттар да жүруге жаттықтыру. **Қимылды ойын:** «Төбеге қапшық қойып жүру» **3 . Орыс тілі.** **« Я и мои друзья»** **Цель**:Продолжать работу по развитию и пониманию русской речи ,совершенствовать слуховое внимание и фонетическое восприятие,закреплять правильное произношение гласных звуков. Воспитывать интерес к занятиям по русскому языку,уважение к труду работников детского сада, бережное отношение к игрушкам.	астына еңбектеп өту **Қимылды ойын:** «Қаппен жүгіру» **2.Шығармашылық»** **Сурет салу.** **Т/бы: «Досыма арналған печение»** **Мақсаты**:Печение суретін сала білуді үйрету.Қалай салуды өз еркімен бояу түстерін таңдай білу.Жоғарыдан төмен қарай қылқаламмен сызықтар жүргізе отырып толық,тегіс бояуға үйрету.Ұқыпты жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыру.	сурет бойынша әңгіме құрауға, өз ойларын айтуға, ойды тыңдауға және ұғынуға үйрету. Сөздік қорларын дамыту, достыққа, татулыққа, бауырмашыл болып өсуге, достықты қадірлей білуге тәрбиелеу. («Достық –ұлы туымыз» Ә.Ысқабаев 88бет Хрестоматия арман-пв баспасы 2010ж **Д/ойын:** «Менің досым». **Мақсаты:** Балаларға дос туралы әңгімелей отырып,олардың достық қарым-қатынасын нығайту.Әр бала өзінің қолындағы сурет арқылы өзінің досын анықтайды. **3.«Шығармашылық»** **Музыка** **Мақсаты:**Түрлі сипаттағы аспапта	оқып ,мазмұнын айта білуге үй рету.Әдеби шығармаға деген қызығушылығын арттыру. Достық қарым қатынасқа тәрбиелеу.Балалардың қылықтарын айыра білу. «Адалдық», «Достық», «Адал дос» туралы түсініктерін кеңейту. **Д/ойын:** «Досыңды тап». **Мақсаты:** Балаларға дос туралы әңгімелей отырып, олардың достық қарым-қатынасын нығайту. **2.«Шығармашылық»** **Жапсыру.** **Т/бы:«Сыйға әсем гүл»** **Мақсаты:**Әсем гүлді	және кеңістікке бағдарлай алу дағдыларын қалыптастыру. **Д/ойын:** «Не қайда орналасқан?» **Мақсаты:** Оң жақта,сол жақта ұғымдарын меңгерту **2.«Әлеумет».** **Қоршаған ортамен танысу.** **Т/бы: «Менің достарым»** **Мақсаты:** Балаларға «Дос», «Достық» құндылығы туралы түсінік беру. Баланың айналаны өзі танып білуіне жағдай жасау. **Д/ойын:** «Менің достарым». **Мақсаты:** Балаларға дос туралы әңгімелей отырып, олардың достық қарым-қатынасын нығайту.

			орындалған пьесаларды тыңдауға,есте сақтауға, әнді сергек,ширақ, әндете айтуға үйрету.	қиюды және жапсыруды жалғастыру;гүл бөліктерін қию (бұрыштарды дөңгелету арқылы кесу),олардан әдемі сурет құру.Түсті сезуді, эстетикалық қабылдауды, назарды дамыту.Достары мен жақындарына ықыласты болуға тәрбиелеу. **2.«Таным»** **Жаратылыстану** **Т/бы: "Менің жасыл достарым"** **Мақсаты**:Бөлме өсімдіктері туралы білімдерін байытып ,аттарын атауға үйрету. Балаларға ұжымда достық қарым қатынасқа үйрету. **Д/ойын: «Жапырағынан таны»**	**3.«Денсаулық»** **Дене шынықтыру** **Мақсаты:** Балалардың жылдамдық жәнеептіліктерін дамыту. Спортқа деген қызығушылықтарын арттыру.Допты еденге соғуға жаттықтыру ; жүргізушіні ауыстырып, түрлі бағыттарда жүруге жаттықтыру. Бір бағытты ұстап, бір-біріне допты домалату; доғаның астына еңбектеп өту. **Қимылды ойын: «**Қу түлкі**»**

				Мақсаты:Түсі,көлемі, пішіні бойынша жапырақтарды ажыратуға,табиғатты қорғауға үйрету.	

Серуенге дайындық.	Серуенге шығу,балаларды біртіндеп киіндіру,киімдерінің дұрыс киінуін қадағалау,қатармен жүруге дағдыландыру.				
Серуен.	**Бақылау.** Аспанды бақылау. **Мақсаты:** Балаларды күзгі аспанды бақылауға үйрету. Күз мезгілінде де аспан ашық,әдемі түске боялғанын,кей кезде бұлтты болатынын түсіндіру. **Еңбек:** Ересектердің көмегімен ойын алаңын тазалау. **Мақсаты:**Балаларды тазалыққа,еңбекқорлыққа тәрбиелеу. **Қ\о:** «Қуыспақ» **Мақсаты:** Жылдамдыққа,шапшаң	**Бақылау.** Гүлзарды бақылау. **Мақсаты:**Табиғаттың жыл мезгіліне қарай өзгеруі туралы түсініктерін қалыптас тыру.Гүл бөліктерімен таныстыру,күзде өсім- діктердің жапырақтары солып,түстерінің өзгеретіні туралы айту. **Еңбек:**Ойын алаңын жапырақтардан тазарту. **Мақсаты:**Ересектердің көмегімен қарапайым еңбек тапсырмаларын орындау. Балаларды ең- бекқорлыққа	**Бақылау** Ауа-райын бақылау **Мақсаты:**Күзгі табиғаттағы өзгерістер туралы түсінік беруді жалғастыру(күн салқын,жаңбыр жауады, салқын жел соғады). Күзгі ауа-райындағы құбылыстарды әңгімелеп айтқызу. **Еңбек:** Ересектердің көмегімен ойын алаңын тазалау. **Мақсаты:**Балаларды ұжыммен бірге еңбек етуге үйрету,тазалыққа, тәрбиелеу. **Қ\о:** «Күн мен жаңбыр»	**Бақылау** Тастарды бақылату. **Мақсаты:** Өлі табиғат туралы түсінік беру. Тастардың әртүрлілігі туралы білім беру. Балаларға тастардың табиғаттың бір бөлігі екенін,олар өлі табиғат болып саналатын түсін діру.Олардың қасиет- терімен таныстыру. **Еңбек:** Ауладағы тастарды жинау, олардан композиция құрау. **Мақсаты:**Балаларды бірігіп жұмыс істеуге	**Бақылау** Желді бақылау. **Мақсаты:**Желдің түрлерімен таныстыру; салқын жел,жылы жел, ұйтқып соққан жел.Жел дің күштілігі ауа-райы- ның салқындығын үдететіндігін түсіндіру. **Еңбек:**Ойын алаңын жапырақтардан тазарту. **Мақсаты:**Ересектердің көмегімен қарапайым еңбек

	дыққа баулу. **Жеке жұмыс:** Абылайханға күз мезгілінің ерекшелік- терін айтқызу. **Мақсаты:**күз мезгілінің ерекшеліктерін меңгерту, сөздік қорын дамыту. **Еркін ойындар .** Тәрбиешінің жетекші- лігімен ойындар ойнату. **Мақсаты:**Еркін ойын барысында серуенге қызығушылығын арттыру,бір-бірімен еркін қарым-қатынас жасауға үйрету.	тәрбиелеу **Қ\о:** «Ұшақтар» **Мақсаты:**ептілікке,қимыл үйлесімділігін дамытуға, достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу. **Жеке жұмыс:** Серікқалиға бүгінгі ауа-райын сұрау. **Мақсаты:**Сұрақтарға толық жауап беруге дағдыландыру,сөздік қорын дамыту. **Еркін ойындар:** Тәрбиешінің жетекшілігі мен ойындар ойнату. **Мақсаты:**Еркін ойын барысында серуенге қызығушылығын арттыру,бір-бірімен еркін қарым-қатынас жасауға үйрету.	**Мақсаты:**балаларға табиғат құбылыстарын сезіне білуге үйрету. **Жеке жұмыс:** Айқынға күз мезгілінің ерекшеліктерін айтқызу. **Мақсаты:**күз мезгілінің ерекшелік терін меңгерту,сөздік қорын дамыту. **Еркін ойындар:** Тәрбиешінің жетекшілі- гімен ойындар ойнату. **Мақсаты:**Еркін ойын барысында серуенге қызығушылығын арттыру, бір-бірімен еркін қарым -қатынас жасауға үйрету.	үйрету. Шығармашы- лық қиялын дамыту. **Қ\о:**«Тышқан мен мысық» **Мақсаты:**Жылдамдыққа, шапшаңдыққа баулу. **Жеке жұмыс:** Аянға апта күндерін айтқызу. **Мақсаты:**Сұрақтарға толық жауап беруге дағдыландыру,сөздік қорын дамыту. **Еркін ойындар:** Тәрбиешінің жетекшілігімен ойындар ойнату. **Мақсаты:**Еркін ойын барысында серуенге қызығушылығын арттыру,балаларды бір-бірімен ойын барысында өз ойларын еркін жеткізуге үйрету.	тапсырмаларын орындау. Балаларды ең- бекқорлыққа тәрбиелеу. **Қ\о:** «Жел» **Мақсаты:**қимылдар- дың үйлесімділігі, оң,сол, жоғары,төмен түсініктерін қалыптас-тыру.Терең ырғақты дем алуын дамыту. **Жеке жұмыс:** Мұстахимаға күзгі киімдерді айтқызу. **Мақсаты:**Сұрақтарға толық жауап беруге дағдыландыру,сөздік қорын дамыту. **Еркін ойындар:** Тәрбиешінің жетекшілігі мен ойындар ойнату.**Мақсаты:**Еркін ойын барысында серуенге қызығушылығын арттыру,бір-бірімен еркін қарым-қатынас жасауға үйрету.

Серуеннен оралу.	Өз бетімен шешінуге,киімдерін шкафтарына жинап салуға,ұқыптылыққа үйреу. Беті қолдарын сабындап жуу.				
Түскі ас.	Үстел басына қолды жуғаннан кейін отыру.Орындыққа өзі отырып, тұру.Тамақты төгіп-шашпай ұқыпты ішуге,тамақтан соң алғыс айтуға үйрету.Түскі аспен таныстыру.				
Түскі ұйқы.	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату.				
	Баяу музыка тыңдату.	«Әлди-әлди»әнін айтып беру.	Баяу музыка тыңдату.	«Әлди-әлди»әнін айтып беру	Баяу музыка тыңдату.
Біртіндеп тұру. Ауа, су ем шаралары	**Ұйқыдын ояту жаттығу кешені №1.** 1.Ұйқыдан ояну, созылу, керілу. -Қол белде,басты оңға,солға,алға бұру. -Кезекпен оң қолды және сол қолды кезекпен көтеру. -Оң жаққа,сол жаққа бұрылу. -Қолды аяқ ұшына жеткізу,бастапқы қалыпқа келу. 2.Гимнастикалық жолдан жүру. Оң аяққа 1-2-3,Сол аяққа 1-2-3.Массаж жасау білеміз,Арнайы жолдармен жүреміз. 3.Тыныс алу жаттығулары.Қолға шарды аламыз,Қатты-қатты үрлейміз. Уф-ф-ф,Уф-ф-ф... Қатты үрлеген шарларды,Кейде жарып аламыз. 4.Жуыну. Салқын сумен беті – қолдарын жуу.				
Бесін ас	Тамақты ұқыпты ішу.Тауысып жеп болған соң тұруға дағдыландыру. Тамақтан соң алғыс айту. Бесін асымен таныстыру.				
Ойындар дербес әрекет	**Сюжеттік-рөлдік ойын:** «Шаштараз» **Мақсаты:** балаларға ойынды ойната отырып,сөздік қорын молайту,үлкендердің еңбегін құрметтеуге, ұйымшылдыққа	**Д/ойын:** «Кімнің даусы». **Мақсаты:** достарын даусынан танып білуді үйрету. Достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу. Ойынға қызығушылықпен қатысуға баулу.	**Вариативті компонент** Ақылды текшелер Ойын: «Желкенді қайық» (топтық ойын) Мақсаты: Балаларға достық сөзінің	**Вариативтік компонент:** «Кел,билейік!» **Мақсаты:** Би кезінде өз орнын табуын, әдемі нақышпен күліп билеуін; ортаны ұстауын; өзің еркін	**Үстел үсті ойыны:** «Досыма гүл сыйлаймын» **Мақсаты:** Түрлі-түсті таяқша лардан раушан гүлін құрасты ру.Ойынға деген

	тәрбиелеу.		мағынасын түсіндіріп, бөлшектерден желкенді қайық құрастыру.	ұстауын әуенді тындау	қызығушы лықтарын,белсенділіктерін арттыру.Әңгімелеп айтуға дағдыландыру
Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс.	**Жеке баламен жұмыс:** Алиге «Шалқан» ертегісін айтқызу. **Мақсаты:**ертегінің кейіп керлерін атауды үйрету. Сұрақ қою арқылы ертегі мазмұнын айтқызу.	**Жеке баламен жұмыс:** Рамазанға шеңбер бойымен жүруді үйрету. **Мақсаты:**берілген тапсырма ны орындауға үйрету.Ептілік ке,шапшаңдылыққа баулу.	**Жеке баламен жұмыс:** Нұргүлге сурет бойынша әңгіме айтқызу. **Мақсаты:** сурет бойынша сұрақтарға толық жауап берugедағдыландыру, сөздік қорын дамыту.	**Жеке баламен жұмыс:** Нұрасылға кеңістікті дұрыс бағдарлауды үйрету. **Мақсаты:** кеңістікті дұр ыс бағдарлауды дағды ландыру, оң жақта, сол жақта ұғымын меңгерту.	**Жеке баламен жұмыс:** Нүрияға түрлі-түсті шар дың суретін үлгі бойынша салдыру. **Мақсаты:**Түстерді ажыра та білуге, қарындашты дұрыс ұстауға үйрету.
Серуенге дайындық	Өз бетімен киінуін аяқ киімдерінің бауын байлауын, салуын, киімдерінің түймесін салуын, қадағалау үйрету, мадақтау.				
Серуендеу	**Мақсаты:**Қызығушылықтары бойынша ойындар ұйымдастыру,қарапайым тапсырмаларды орындауға үйрету,достыққа тәрбиелеу.Күз мезгілінің ерекшеліктерімен таныстыру,аспанды бақылату,ауа-райын бақылату,гүлзарды бақылату. Өлі табиғат туралы түсінік беру,тастарды бақылату, оның түрлері мен қасиеттері туралы айту.Желді бақылату.				
Бала-дың үйге ора- лу. Ата-ана мен сұхбат-тасу.	Балалардың отбасында өздері не істей алатындары туралы әңгімелесу.	Балалардың бала бақшадағы іс-әрекеті туралы әңгімелесу. Берілген тақпақтарын жаттатқызу.	Балалардың бала бақшадағы іс-әрекеті туралы әңгімелесу. Берілген тақпақтарын жаттатқызу.	Балалардың бүгінгі жетістігі,бала денсаулы- ғы жөнінде әңгімелесу. Балаларды жыл	Жаттаған тақпақтарын үйде айтқызу және баламен үйде әңгімеле- суді тапсыру.

				мезгілі- не сай киіндіру.	

Қыркүйек айының III аптасы 20.09 - 24.09.21 ж «Шаңырақ» тобының күн тәртібіндегі тәрбие, оқу қызметінің циклограммасы.

Өтпелі тақырыбы:« Балабақша»

Апта тақырыбы: «Менің сүйікті ойыншықтарым »

Мақсаты: Инновациялық әдістер мен технологияларды қолдану негізінде балалардың ауызша қарым-қатынас жасау дағдыларын, танымдық ой-өрістерін, шығармашылық, эстетикалық талғамдарын және жеке тұлғаның әлеуметтік білім, біліктерін жетілдіру.

Міндеттері:1. Қимыл әрекеттерін ұйымдастырудың түрлі нысандарында қимылдарды дұрыс орындау, негізгі қимыл түрлерін және денсаулықты сақтау негіздерін жетілдіру;

2. Ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын дамыту;

3. Сенсорлық қабілеттерін, танымдық қызғушылықтары мен шығармашылық қиялдарын жетілдіру;

4. Сезімдік қасиеттері, эстетикалық талғамдары және бейнелеу дағдылары мен музыкалық білімдерін кеңейту;

5. Отансүйгіштік сезімдерін күшейту және өзіне қызмет ету дағдыларын дамыту. Отансүйгіштік сезімдерін күшейту және өзіне қызмет

ету дағдыларын дамыту.

Күн тәртібі.	**Дүйсенбі** **20.09**	**Сейсенбі** **21.09**	**Сәрсенбі** **22.09.**	**Бейсенбі** **23.09.**	**Жұма** **24.09.**
Балаларды қабылдау. Ата-анамен әңгімелесу.	Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: Балабақша туралы түсінік беру. Балалардың танымдық ой-өрістерін, шығармашылық, эстетикалық талғамдарын және жеке тұлғаның әлеуметтік білім, біліктерін жетілдіру. Отансүйгіштік сезімдерін күшейту және өзіне қызмет ету дағдыларын дамыту.				
Ойындар (үстел үсті, дидактикалық, саусақ т.б.)	**Д/о:** «Ойыншықтарды тап» **Мақсаты:** кеңістікті бағдарлай білуге үйрету. Берілген тапсырманы мұқият орындауға баулу.	**Д/о**:«Тобымызда ойыншық бар». **Мақсаты:**аталған ойыншықты тауып не- ден жасалғаны тура- лы айтып беру.Ойын шықтарды бүлдірмей, сындырмай ұқыпты ой- науға баулу.	**Өлең жаттау:** «Ойыншықтар» өлеңі. **Мақсаты:**Өлең мәтінін түсініп,жатқа айта білуге үйрету.Ой өрісін дамытып,ойыншықтар- ды күтіп ұстауға тәрбиелеу.	**Фотосуреттер қарастыру:** «Менің ойыншықтарым» **Мақсаты:**фотосуретте бейнеленген ойыншық тарды атап беру,өз ойыншығы туралы әңгімелеу.	**Д/о:** «Сиқырлы қапшық». **Мақсаты:** Заттарды белгілі бір қасиеттері бойынша анықтау, алған ойыншықтарының атын неден жасалғанын, түсін,қатты,жұмсақ екенін айтып,жақсы мейірімді тілек білдіру.
Ертеңгілік жаттығу.	**Таңғы жаттығулар кешені дене шынықтыру маманының жоспары бойынша №2**				
Таңғы ас.	**Астарың дәмді болсын!** Тамақты төгіп-шашпай ұқыпты ішу,майлықты қолдануға үйрету.Тамақтан соң алғыс айту.Таңғы аспен таныстыру.				

Ойындар, ұйымдастырылған	**Д/ойын:** «Кім жылдам ?» **Мақсаты:**балаларға	**Үстел-үсті ойыны:** «Топқа бөл» **Мақсаты:**ойыншықтар	**Дыбыстық жаттығулар** **Мақсаты:** балалардың	**Д/ойын : «Менің ойыншығым»** **Мақсаты:**Сурет	**Санамақ ойыны:** Оң қолымда бес саусақ, Сол қолымда бес

оқу қызметіне дайындық.	ойыншықтарды көрсеткен кезде,жылдам оның атын айту керек.Балаларды ептілікке,шапшаңдыққа тәрбиелеу.	ды жұмсақ,қатты,резеңке түріне бөліп көрсету керек.Ойыншықтардың қасиеттерімен таныстыру.	дыбысты дұрыс айтуын түзету,тілін дамыту, ауызша сөйлеуге үйрету. Шық-шық, ойыншық, Шақ-шақ,қуыршақ.	бойыншаәңгіме.Ойыншықтарды сипаттап айтуға,сөйлемді толық құрап айтуға үйрету.	саусақ. Қосып едім екеуін, Болыпшықты он саусақ. **Мақсаты:**өлең шумақ- тарын айтқызу арқылы балалардың тілін дамыту.
Ұйымдастырылған оқу қызметі.	**1.«Шығармашылық»** **Мүсіндеу** **Т/бы:«Сүйікті ойыншықтар»(түлкі,пирамида,қоян,құс)** **Ойластырып мүсіндеу.** **Мақсаты:**Балаларға жұмыстарының мазмұнын өздігінен анықтауға үйрету;әр түрлі тәсілдерді қолданып,мүсіндеу дағдысын бекіту. **2.«Денсаулық»** **Дене шынықтыру** **Мақсаты:** Қырымен жіптің үстінен аттап секіру. Жылдамдық және ептіліктерін дамыту. Ұзындыққа қапшықты	**1.«Денсаулық»** **Дене шынықтыру**. **Мақсаты:** Допты жоғары лақтыру, екі қолмен допты қағып алуға жаттықтыру. Жылдамдық және ептіліктерін дамыту. Бөренеңің үстінде жүріп жаттығу; бөренеңің үстінде аяқтың ұшымен жүру **Қимылды ойын:** «Торғайлар мен мысық» **3.Шығармашылық»** **Сурет салу.** **Т/бы:«Менің сүйікті ойыншығым қонжық»** **Мақсаты:**Балалардың	**1.«Қатынас»** **Сөйлеуді дамыту.** **Т/бы:«Біздің ойыншықтарымыз»** **Мақсаты:**Өз ойыншықтары туралы әңгімелеп айтуға,сұрақ-жауап әдісі бойынша диалог түрінде сөйлеуге үйрету,ұжымшылдыққа тәрбиелеу.Дұрыс сөйлеуге,сөз дыбыстарын дұрыс айтуға жаттықтыру. **Д/ойын:** «Менің ойыншығым» **Мақсаты:** Сурет бойынша әңгіме.Ойын- шықтарды дұрыс сипаттап айтуға, сөйлемді толық құрап	**2.Музыка** **Мақсаты:** Музыкалық жанрды ажырата білуге үйрету: ойыншықтарды күтіп ұстауға,әнді көңілді айта білуге дағдыландыру. **3.«Таным»** **Математика негіздері.** **Т/бы: «Сан мен заттың саны арасындағы сәй** **кестікті табу.Үлкен кіш** **і,кішкентай.Шаршы.»** **Мақсаты:**Сан мен	**1.«Денсаулық»** **Дене шынықтыру** **Мақсаты:** Тапсырмаларды орындай отырып, бір-бірлеп тізбектеп жүруге және шашырап жүгіруге жаттық тыру.Жылдамдық және епті ліктерін дамыту. Қолдары мен еденге сүйеніп, шығыр шыққа еңбектеп кіру.Тақтай үстімен тепе-теңдікті сақтап жүру. Допты жоғары лақ тыру,екі қолмен допты қағып алуға жаттықтыру **Қимылды ойын:** «Мен

	лақтыруға жаттықтыру; жүрумен кезектестіре жүгіруді жетілдіру. **Қимылды ойын:** «Тордан допты өткізу» **3.** «**Таным**» **Жаратылыстану.** **Т/бы: «Менің ойыншықтарым»** **Мақсаты:**Өздеріне ұнаған ойыншыққа зерттеу жүргізіп әңгімелеп айтып беруге үйрету.Балалардың мінез-құлқында қарапайым әдеп ережелерін бекіту.Ойын барысында ойыншықтарға ұқыптылықпен, жанашырлықпен қарап әрекет ете білуге тәрбиелеу **Д/ойын:** «Сиқырлы суреттер». **Мақсаты:**Қиылған суреттерді құрастыру. Логикалық ойлау қабілетін дамыту.	шығармашылық қабілеттерін дамыту,белгілі бір бейне жасауда түстердің үйлесімділігін және заттардың суретін салуда ұсақ бөлшектері ғана емес,олардың сипаты мен сапасына сәйкес ерекшеліктерін бере білуге жаттықтыру,өз таңдауымен сурет салуға тапсырма беру.Ойыншықтарды күтіп ұстауға, ұқыптылыққа тәрбиелеу.	айтуға үйрету. **2.Шығармашылық»** **Музыка** **Мақсаты:** Отбасылық дәстүрлер туралы балаларға түсіндіру. Ән –күйлерді тыңдату, қабылдау,есте сақтау және музыкалық жанрды ажырата білуге үйрету. .	заттың саны арасындағы сәйкестікті табу.Заттарды санау қабіле- тін күшейту,заттарды көле міне қарай салыстыруды жалғастырамыз,ос ы сөздерді сөйлеубарысында қолдана мыз.Геометриялық фигура шаршы туралы өткенді пысықтау.Шаршын ың көле мі әр түрлі болатынын түсіндіру. **Д/о:** «Көп және біреу» Мақсаты: Біреу және көп қатынастарын білуге үйре ту,заттарды тең,тең емес топтастырып салыстыру.	спортсменмін» **Мақсаты:**Жылдамдыққа шапшаңдыққа баулу. **2.**«**Таным**» **Құрастыру** **Т/бы:«Қайықтар»** **Мақсаты:**Қалдық материалдардан қайықты құрастыра білуге үйрету,саусақ бұлшық еттерін жетілдіру,ұқыпты жұмыс жасай білуге тәрбиелеу. **3«Қатынас»** **Көркем әдебиет** **Т/бы:«Ойыншықтар» Н.Әлімқұлов.** **Мақсаты:**Өлең мәтінін түсініп,жатқа айта білуге үйрету.Ой өрісін дамытып, ойыншықтарды күтіп ұстауға тәрбиелеу. **Д/ойын:** «Ғажайып қорапша» **Мақсаты:** Ойыншықтарды дұрыс сипаттап айтуға,

					сөйлемді толық құрап айтуға үйрету.

Серуенге дайындық.	Серуенге шығу,балаларды біртіндеп киіндіру,киімдерінің дұрыс киінуін қадағалау,қатармен жүруге дағдыландыру.				
Серуен.	**Бақылау.** Аспанды бақылау. **Мақсаты:** Балаларды күзгі аспанды бақылауға үйрету. Күз мезгілінде де аспан ашық,әдемі түске боялғанын,кей кезде бұлтты болатынын түсіндіру. **Еңбек:** Ересектердің көмегімен ойын алаңын тазалау. **Мақсаты:**Балаларды тазалыққа,еңбекқорлыққа тәрбиелеу. **Қ\о:** «Қуыспақ» **Мақсаты:** Жылдамдыққа,шапшаң дыққа баулу.	**Бақылау.** Жаңбырды бақылау. **Мақсаты:**Табиғат құбылыстарын бақылау. Табиғаттың жыл мезгіліне сәйкес өзгерістері туралы нақты мәлімет беру.Күн салқындады. Суық жаңбыр жиі жауады. Тәулік бойындағы өзгеріс терді байқауға үйрету. **Еңбек:**Ойын алаңын жапырақтардан тазарту. **Мақсаты:**Ересектердің көмегімен қарапайым еңбек тапсырмаларын	**Бақылау** Жапырақтарды бақылау. **Мақсаты:**Жыл мезгіліне байланысты табиғаттағы құбылыстар туралы түсініктерін кеңейту. Бақылағандарын сөз түрінде қолдану қабілеттіліктерін қалыптастыру. **Еңбек:** Ересектердің көмегімен ойын алаңын тазалау. **Мақсаты:**Балаларды ойын алаңының тазалығын сақтауға, ұжыммен бірге еңбек етуге үйрету,тазалыққа, тәрбиелеу. **Қ\о:** «Поезд»	**Бақылау** Желді бақылау. **Мақсаты:**Желдің түрлерімен таныстыру;салқын жел,жылы жел,ұйтқып соққан жел.Жел дің күштілігі ауа-райының салқындығын үдететіндігін түсіндіру. **Еңбек:** Ауладағы тастарды жинау,олардан композиция құрау. **Мақсаты:**Балаларды бірігіп жұмыс істеуге үйрету. Шығармашылық қиялын дамыту. **Қ\о:**«Тышқан мен	**Бақылау** Аула тазалаушының еңбегін бақылау. **Мақсаты:** Балаларды үлкендер еңбегіне құрметпен қарауға тәрбиелеу. Аула тазалаушыға керекті құрал-жабдықтармен таныстыру, қажеттілігін түсіндіру. **Еңбек:** Ересектердің көмегімен қарапайым еңбек тапсырмаларын орындау. **Мақсаты:**Балаларды тазалыққа,еңбекқорлыққа тәрбиелеу. **Қ\о:** «Мені қуып жет» **Мақсаты:**Жылдамды

	Жеке жұмыс: Кәусарға күз мезгілінің ерекшелік терін айтқызу. **Мақсаты:**күз мезгілінің ерекшеліктерін меңгерту,сөздік қорын дамыту. **Еркін ойындар .** Тәрбиешінің жетекші- лігімен ойындар ойнату. **Мақсаты:**Еркін ойын барысында серуенге қызығушылығын арттыру,бір-бірімен еркін қарым-қатынас жасауға үйрету.	орындау. Балаларды еңбекқорлыққа тәрбиелеу **Қ\о:** «Күн мен жаңбыр» **Мақсаты:**ептілікке,қимыл үйлесімділігін дамытуға, ойынға деген қызығушылығын арттыру берілген нұсқауды мұқият орындауға тәрбиелеу. **Жеке жұмыс:** Наримаға ауа- райының өзгерістерін сұрау. **Мақсаты:**Сұраққа толық жауап беруге дағдыландыру, сөздік қорын дамыту. Өз ойын толық жеткізуге үйрету. **Еркін ойындар:** Тәрбиешінің жетекшілігі мен ойындар ойнату. **Мақсаты:**Еркін ойынға деген қызығушылығын арттыру,бір-бірімен еркін қарым-қатынас	**Мақсаты:**Ептілікке,шапшаңдыққа,қызыға ойнауға баулу.Ойын арқылы көңілкүйін көтеру. **Жеке жұмыс:** Аружанға апта күндерін айтқызу. **Мақсаты:**Сұрақтарға толық жауап беруге дағдыландыру,сөздік қорын дамыту. **Еркін ойындар:** Тәрбиешінің жетекші лігімен ойындар ойнату. **Мақсаты:** Еркін ойын барысында серуенге қызығушылығын арттыру,бір-бірімен еркін қарым-қатынас жасауға үйрету.Еркін сөйлеуге үйрету.	мысық» **Мақсаты:**Жылдамдыққа, шапшаңдыққа баулу. **Жеке жұмыс:** Раянға апта күндерін айтқызу. **Мақсаты:**Сұрақтарға толық жауап беруге дағдыландыру,сөздік қорын дамыту. **Еркін ойындар:** Тәрбиешінің жетекшілігімен ойындар ойнату. **Мақсаты:**Еркін ойын барысында серуенге қызығушылығын арттыру,балаларды бір-бірімен ойын барысында өз ойларын еркін жеткізуге үйрету.	құға шапшаңдыққа баулу. **Жеке жұмыс:** Кәусарға күз туралы тақпақ айтқызу. **Мақсаты:**Сұрақтарға толық жауап беруге дағдыландыру,сөздік қорын дамыту. **Еркін ойындар:** Тәрбиешінің жетекшілігімен ойындар ойнау. **Мақсаты:**Еркін ойын барысында серуенге қызығушылығын арттыру, бір-бірімен еркін қарым-қатынас жасауға үйрету

		жасауға үйрету.			

Серуеннен оралу.	Өз бетімен шешінуге,киімдерін шкафтарына жинап салуға,ұқыптылыққа үйреу. Беті қолдарын сабындап жуу.				
Түскі ас.	Үстел басына қолды жуғаннан кейін отыру.Орындыққа өзі отырып, тұру.Тамақты төгіп-шашпай ұқыпты ішуге,тамақтан соң алғыс айтуға үйрету.Түскі аспен таныстыру.				
Түскі ұйқы.	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату.				
	Баяу музыка тыңдату.	«Әлди-әлди»әнін айтып беру.	Баяу музыка тыңдату.	«Әлди-әлди»әнін айтып беру	Баяу музыка тыңдату.
Біртіндеп тұру. Ауа, су ем шаралары	**Ұйқыдын ояту жаттығу кешені №1.** 1.Ұйқыдан ояну, созылу, керілу. -Қол белде,басты оңға,солға,алға бұру. -Кезекпен оң қолды және сол қолды кезекпен көтеру. -Оң жаққа,сол жаққа бұрылу. -Қолды аяқ ұшына жеткізу,бастапқы қалыпқа келу. 2.Гимнастикалық жолдан жүру. Оң аяққа 1-2-3,Сол аяққа 1-2-3.Массаж жасау білеміз,Арнайы жолдармен жүреміз. 3.Тыныс алу жаттығулары.Қолға шарды аламыз,Қатты-қатты үрлейміз. Уф-ф-ф,Уф-ф-ф... Қатты үрлеген шарларды,Кейде жарып аламыз. 4.Жуыну. Салқын сумен беті – қолдарын жуу.				
Бесін ас	Тамақты ұқыпты ішу.Тауысып жеп болған соң тұруға дағдыландыру. Тамақтан соң алғыс айту. Бесін асымен таныстыру.				

Ойындар дербес әрекет	**Қ\о:«Менің көңілді добым»** **Мақсаты:**Балаларды жыл дамдыққа, ептілікке баулу.Кеңістікте тепе-теңдікті сақтап жүруді допты астынан екі қолмен алға еркін лақтыруға үйрету.	**Вариативтік компонент** Түрлі-түсті бөлшектер Ойын: «Жүк көлігі» (жеке ойын) мақсаты: Түрлі-түстң бөлшектерден жүк көлігін құрастыру.	**Д/о: «Заттың атын ата»** **Мақ**саты: Заттарды көріп сипаттау арқылы баланың сезімталдығын дамыту,сөздік қорын дамыту,тұрмыстық ойыншық түрлерін, олардың не үшін қажет екенін айтады.	**Вариативтік компонент** «Кел,билейік!» **Мақсаты:**балаларға бидің аяқ арқылы жасалатын элементтерін таныстырып үйрету.	**Қ\о: «Ақ қоян»** **Мақсаты:** Балаларды жылдамдыққа, ептілікке баулу.Балалар шеңбер жасап жүріп,өлең шумақтарын айтады өлең арқылы балаладың тілін дамыту. балалардың көңілін көтеру.
Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс.	**Жеке баламен жұмыс:** Санжар «Жеті лақ» ертегісін айтқызу. **Мақсаты:**ертегінің кейіпкер- лерін атауды үйрету.Сұрақ қою арқылы ертегі мазмұнын айтқызу.	**Жеке баламен жұмыс:** Айсұлтан шеңбер бойымен жүруді үйрету. **Мақсаты:**берілген тапсырманы орындауға үйрету.Ептілікке, шапшаңдылыққа баулу.	**Жеке баламен жұмыс:** Санжарға сурет бойынша әңгіме айту. **Мақсаты:** сурет бойынша сұрақтарға толық жауап беруге дағдыландыру,сөздік қорын дамыту.	**Жеке баламен жұмыс:** Аселге кеңістікті дұрыс бағдарлауды үйрету.Оң,сол. **Мақсаты:** кеңістікті дұрыс бағдарлауды дағдыландыру, оң жақта,сол жақта ұғымын меңгерту.	**Жеке баламен жұмыс:** Диас түрлі-түсті шардың суретін үлгі бойынша салдыру. **Мақсаты:**Түстерді ажырата білуге, қарындашты дұрыс ұстауға үйрету.
Серуенге дайындық	Өз бетімен киінуін аяқ киімдерінің бауын байлауын, салуын, киімдерінің түймесін салуын, қадағалау үйрету, мадақтау.				
Серуендеу	**Мақсаты:**Қызығушылықтары бойынша ойындар ұйымдастыру,қарапайым тапсырмаларды орындауға үйрету,достыққа тәрбиелеу.Күз мезгілінің ерекшеліктерімен таныстыру,аспанды, жаңбырды,желді бақылату. Жерге түскен жапырақтарды және аула сыпырушының жұмысын бақылату. Балаларды үлкендер еңбегіне құрметпен қарауға тәрбиелеу.				
Бала-дың үйге оралу. Ата-ана мен сұхбаттасу	Балалардың бала бақшадағы іс-әрекеті туралы әңгімелесу. Берілген тақпақтарын	Балалардың бүгінгі жетістігі,бала денсаулығы жөнінде әңгімелесу. Балаларды жыл мезгіліне	Балалардың бала бақшадағы іс-әрекеті туралы әңгімелесу. Берілген тақпақтарын	Балалардың отбасында өздері не істей алатын дары туралы	Жаттаған тақпақтарын үйде айтқызу және баламен үйде әңгімелесуді тапсыру.

.	жаттатқызу.	сай киіндіру.	жаттатқызу.	әңгімелесу.	

Қыркүйек айының IV аптасы 27.09 - 1.10.21ж «Шаңырақ» тобының күн тәртібіндегі тәрбие, оқу қызметінің циклограммасы.

Өтпелі тақырыбы:« Балабақша»

Апта тақырыбы: «Жиһаздар »

Мақсаты: Инновациялық әдістер мен технологияларды қолдану негізінде балалардың ауызша қарым-қатынас жасау дағдыларын, танымдық ой-өрістерін, шығармашылық, эстетикалық талғамдарын және жеке тұлғаның әлеуметтік білім, біліктерін жетілдіру.

Міндеттері: Қимыл әрекеттерін ұйымдастырудың түрлі нысандарында қимылдарды дұрыс орындау, негізгі қимыл түрлерін және денсаулықты сақтау негіздерін жетілдіру;

2. Ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын дамыту;

3. Сенсорлық қабілеттерін, танымдық қызғушылықтары мен шығармашылық қиялдарын жетілдіру;

4. Сезімдік қасиеттері, эстетикалық талғамдары және бейнелеу дағдылары мен музыкалық білімдерін кеңейту;

5. Отансүйгіштік сезімдерін күшейту және өзіне қызмет ету дағдыларын дамыту. Отансүйгіштік сезімдерін күшейту және өзіне қызмет ету дағдыларын дамыту.

Күн тәртібі.	**Дүйсенбі** **27.09**	**Сейсенбі** **28.09**	**Сәрсенбі** **29.09.**	**Бейсенбі** **30.09.**	**Жұма** **01.10.**
Балаларды қабылдау. Ата-анамен әңгімелесу.	Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: Балабақша туралы түсінік беру. Балалардың танымдық ой-өрістерін, шығармашылық, эстетикалық талғамдарын және жеке тұлғаның әлеуметтік білім, біліктерін жетілдіру. Отансүйгіштік сезімдерін күшейту және өзіне қызмет ету дағдыларын дамыту.				
Ойындар (үстел үсті,	**Д/о**: «Жиһаздар өздері туралы не айтады?» **Мақсаты:**Балаларды	**Д/о**:«Кім тез жинай-ды?»	**Жұмбақ жасыру:** Арқасында азығы,	**Д/о:**«Нені атадым соған жүгір». **Мақсаты:**Балаларды	**Үстел-үсті ойыны:** «Жұп суреттер»

дидактикалық, саусақ т.б.)	заттардың өзіне тән өзгеше ерекшеліктерін сипаттауға үйрету,сөйлеу тыңдау қабілетін дамыту.	**Мақсаты:**Балаларды жиһаздарды тез топтас- тыруға үйрету,жиһаз дары туралы әңгімелету байланыстырып сөйлеу дағдысын қалыптас- тыру.	Бауырынды қазығы. (Үстел) Төрт бұрышты,бір ауызды. (Сандық). **Мақсаты:**Балалардың ойлау,есте сақтау қабілеттерін дамыту.	ң топтағы жиһаздар туралы білімдерін қорыту.	**Мақсаты:**Балалардың байқампаз қабілетін дамыту,заттардың,суреттердің ұқсастық пен айырмашылықтарын табуға үйрету.
Ертеңгілік жаттығу.	**Таңғы жаттығулар кешені дене шынықтыру маманының жоспары бойынша №2**				
Таңғы ас.	**Астарың дәмді болсын!** Тамақты төгіп-шашпай ұқыпты ішу,майлықты қолдануға үйрету.Тамақтан соң алғыс айту.Таңғы аспен таныстыру.				

Ойындар, ұйымдастырылған оқу қызметіне дайындық.	**Ертегі оқып беру:** «Жеті лақ» ертегісі. **Мақсаты:** Ертегіні қызығушы- лықпен тыңдай білуге, ертегі мазмұнын қысқаша баяндай білуге үйрету.Байланыстырып сөйлеу дағдысын қалыптастыру	**Фотосуреттер қарау:** «Жиһаз түрлері» **Мақсаты:**Фотосуретте бейнеленген жиһаздарды атап беру.	**Д/о:**«Суреттерді орналастыр» **Мақсаты:**Заттарды топтастыруға жаттықтыру,ойлау қабілетін дамыту.	**Д/о:**«Не көріп тұрмын тауып айт» **Мақсаты:**Балаларды топталған бөлмедегі жабдықтарды дұрыс атауға үйрету,олардың міндеттерін анықтау.	**Үстел-үсті ойыны:** «Жұп суреттер» **Мақсаты:**Балалардың байқампаз қабілетін дамыту,заттардың,суреттердің ұқсастық пен айырмашылық- тарын табуға үйрету.
Ұйымдастырылған	**1.«Қатынас»** **Орыс тілі**	**1 .«Денсаулық»** **Дене шынықтыру**	**1.«Қатынас»** **Сөйлеуді дамыту.**	**1.«Қатынас»** **Көркем әдебиет**	**1.«Таным»** **Математика негіздері.**

оқу қызметі.	**«Мебель»** **Це**ль:Формировать способность понимать простейшую речь учителя. Отвечать на вопросы: «Какой?», «Это что?». Продолжать обогощать словарь детей учить называть мебель на русском языке .отвечать на вопросы полным предложением. Развивать память, устойчивость внимания,воображение, мышление. Воспитывать аккуратность и бережное отношение к предметам быта **3. .«Денсаулық»** **Дене шынықтыру** **Мақсаты:** Допты екі қолмен қағып алуға үйрету.Спортқа деген қызығушылықтарын арттыру.Допты еденге соғуға жаттықтыру ; жүргізушіні ауыстырып, түрлі бағыттарда жүруге жаттықтыру.	**Мақсаты:** .Шашырап жүруге және жүгіруге үйрету.Жылдамдық және ептіліктерін дамыту.Бір бағытты ұстап, бір-біріне допты домалату; доғаның астына еңбектеп өту **Қимылды ойын:** «Арқан тартыс» **2.«Шығармашылық»** **Сурет салу** **Т/бы:«Менің ойыншық сөрем»** **Мақсаты:**Сөренің суретін салудың жаңа тәсілімен таныстыру - бейнеленген заттарға ұсақ бөлшектерді толықтырып салу. Негізгі түсті анықтай білуге, қылқаламды тік бағытта ұстау тәсілі арқылы сөрені бейнелеу. Қиялдарын дамыту.	**Т/бы:«Қуыршақтың бөлмесі»** **Мақсаты:**Балаларды жиһаздардың атауын дұрыс айта білуге жаттықтыру,сөйлеу барысында зат есімдер мен сын есімдердің сандық және септеулік түрлерін қолдана білуге баулу.Баланың ой өрісін кеңейту, ойлау қабілетін дамыту.Ұқыптылыққа , жинақылыққа тәрбиелеу. **Д/о:** «Төртіншісі артық» Мақсаты:Балалардың логикалық ойлау қабілетін дамыту,заттардың жалпылама түрін білуге уйрету. **2 .«Шығармашылық»** **Музыка** **Мақсаты:**Әнді тыңдап, сезіне білуге, ән мазмұнына әңгімелеп айтуға дағдыландыру Ән арқылы қуана білуге	**Т/бы:«Үш ау»** **Мақсаты:**Ертегінің мазмұнын сахналау арқылы түсіндіру, ертегіге деген қызығушылығын арттыру, ертегіні тыңдай отырып сөздік қорын молайту. Ертегіні сахналауға бейімдеу. Балаларды адамгершілікке, адалдыққа, бірін – бірі сыйлауға үйрету. Өзіне берілген рөлді дұрыс дауыс ырғағымен ойнауға тәрбиелеу. **Д/о :** «Ертегі кейіпкерлерін ата» **Мақсаты:** Балаларды сурет бойынша, өздеріне таныс ертегілердің мазмұнын қысқаша баяндай білуге үйрету. **2.«Шығармашылық»** **Жапсыру** **Т/бы:«Әжемнің сандығы»**	**Т/бы:«Үлгі бойынша санау,сандарды салыстыру(4-5)Тәулік бөлігі.Сол жағында,ортасында,оң жағында»** **Мақсаты**:заттарды санауды үйретуді жалғастыру,екі топтағы заттарды санау,саны жағынан аз топқа жетпей тұрған затты қосу:әртүрлі бірақ жағынан бірдей заттардан құралған топтарды теңестіруді үйрету.Заттардың орналасуын сөзбен баяндауға үйрету(сол жақта,ортада,оң жақта) **Д/о:** «Не өзгерді» Мақ:Көру арқылы ойлау қабілеттерін арттыру 3.«**Денсаулық**» **Дене шынықтыру** **Мақсаты:** .Бірнеше қимыл-қозғалыс ойындарын үйрету. Жоғарыға қарай лақтыруға және оны қағып алуға

	Қимылды ойын: «Бағанаға шығыршықты дәлдеп тигіз»		үйрету,бейнелеу. Қиялдарын дамыту.	**Мақсаты:**Балаларға қағаздың бетіне заттарды орналастыру дағдыларын үйрету. Жапсыруды құрастыру барысында заттардың көлемі бойынша қатынасын, бөліктерінің пішінін, құрылымын көре білу іскерліктерін меңгерту. **3.Таным»** **Жаратылыстану** **Т/бы:«Үй жиһаздары-үстел»** **Мақсаты:** Үй ішіне қажетті жиһаздардың жеке бөліктерін сөзбен дұрыс айтуға (дөңгелек үстел, түсі, төрт аяғы бар) үйрету. Үй жиһаздарын күтіп ұстауға тәрбиелеу. **Д/о:** «Не артық?» Мақсаты: Балаларды жиһаз	жаттықтыру; бір бағытта бүкіл топ мүшелерімен бірге жылдам жүгіруге жаттықтыру.Бір орыннан ұзындыққа секіру үйрету. Допты еденге ұру және екі қолды жоғары көтеріп қағып алу. **Қимылды ойын:** «Құстар мен жаңбыр» **2.«Әлеумет»** **Қоршаған ортамен танысу** **Т/бы:«Айгүлдің жаңа үйге көшуі»** **Мақсаты:** Балалардың жиһаз заттары туралы білімдерін кеңейту.Кейбір заттардың жалпы бөлшектерін бөлуге үйрету. **Д/о:** «Жиһаз » Мақ:Көру арқылы ойлау қабілеттерін арттыру.

				заттары туралы білімдерін кеңейту (ол неден жасалған, ол не үшін арналған) жиһаздық заттардың атауын дұрыс атай білуге үйрету.	

Серуенге дайындық.	Серуенге шығу,балаларды біртіндеп киіндіру,киімдерінің дұрыс киінуін қадағалау,қатармен жүруге дағдыландыру.				
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырыл- ған оқу кестесі	**1.«Денсаулық»\ Дене шынықтыру** **Мақсаты:** Дене сымбатының дұрыс түзілуіне арналған жаттығуларын қайталау.Негізгі қасиеттерді-шапшаңдық, ептілікті дамыту.Қысқа секіртпе арқылы секірулерді қайталау; алға домалауды қайталау .**Қимылды ойын:** «Дәлдеп тигізу» **2. «Қатынас» Орыс тілі** «**Все профессии важны»** Учить правильно, называть на русском языке профессии: продавец, строитель, парикмахер, врач, повар. Закрепить в речи правильное произношение согласного звука *«ч».*	**1.«Денсаулық» Дене шынықтыру** **Мақсаты:** Балалардың жылдамдық қасиеттерін дамыту.Баланың спортқа қызығушылығын ояту. Сенімді қатынастарды нығайтуға ұмтыл. **Қимылды ойын:** «Қу түлкі» **2.«Шығармашылық» Сурет салу** **Т/бы:«Саты»** **Мақсаты:**Түзу,ұзын вертикалды және қиылысқан сызықтарды қылқаламмен салу дағдыларын дамыту. Бояумен ұқыпты жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру.Сурет салуға деген қызығушылыққа	**1. «Қатынас» Сөйлеуді дамыту** **Т/бы:«Менің мамам-дәрігер»** **Мақсаты:**Маманд ықтың түрлерімен таныстыру, олардың маңызын түсіндіру, сөздік қорды антонимдермен қарама-қарсы мағыналас сөздерді қолдана білуге үйрету. Әңгімелесу.«Мама ндықты ата»Ә.Мұсаханов« Менің мамам-дәрігер» **Д/О: «Кімнің құралдары»** **Мақсаты:** мамандықтар туралы білімдерін ары қарай	**1.«Қатынас» Көркем әдебиет** **Т/бы: «Жұмыстың бәрі жақсы»** **Мақсаты:**Қоршаған ортаның жан-жақтылығы жайлы түсініктерін көркем туындылар (мамандық)арқылы кеңейту.Туынды кейіпкерлерінің іс-әрекетін бағалау,алған әсерлерін өз ойларымен айтып беру білігін дамыту. **Д/О: «Мамандық иелерінің құралдарын тап»** **Мақсаты:** мамандықтар туралы ойларын дамыту. Танымдық қабілеттерін арттыру. **Шарты:** мамандық иелеінің құралдары лотосын дурыс орналастыру.	**1. «Денсаулық» Дене шынықтыру** **Мақсаты:** Гимнастикалық орындықтың үстімен жүруге үйрету. Негізгі қасиеттерді-шапшаңдық, ептілікті дамыту. Допты бастан асыра екі қолмен лақтыру; еңбектеуге жаттықтыру. **Қимылды ойын:** «Кім бірінші» **2. «Таным» Математика негіздері** **Т/бы: «Реттік сандар туралы өткенді пысықтау.Үлгі бойынша санау.Солға,оңға»**

	Развивать связную речь. Воспитывать уважение к людям любой профессии.	тәрбиелеу.	дамыту. Дәргер мамандығы туралы ойларын жетілдіру. **Шарты:** дәргерге керек құралдарын тауып беру. **3.«Шығармашылық» Музыка**Музыкаға қызығушылығын арттыру,әнді орындауда музыкалық фразалар арасында тыныс алуға, әуенге сәйкес би жанрларын ажыратуға баулу.	**2«Шығармашылық» Жапсыру** **Т/бы:«Аққала»** **Мақсаты:** Қиылған ірі және ұсақ бөлшектерді белгілі бір жүйеде орналастыруға және жапсыруға үйрету.Дайын дөңгелек пішіндердің бірізділігі мен арақашықтығын сақтай отырып жапсыру іскерлік дағдыларын қалыптастыру. Ұқыптылыққа тәрбиелеу. **3.«Таным» Жаратылыстану** **Т/бы: «Кім боламын?»** **Мақсаты:**Маманд ықтар туралы түсінік беру,әр түрлі мамандықтармен таныстыру.Есту зейінін жетілдіру,сөйлеуді нақышымен айқын сөйлеу,заттың атынан әрекеттер жасай білуге үйрету,қоршаған орта нысандарына деген танымдық қызығушылықтыд амыту,адам	**Мақсаты:**Реттік санауға машықтандыру. «қанша?» «нешінші?»деген сұрақтарға жауап беруге үйрету.Заттарды дұрыс санауға үйретуді әрі қарай жалғастыру (5 саны көлемінде) , тәулік бөліктері туралы білімін нығайту, заттардың орналасуын сөзбен баяндауды үйрету (сол жақта, оң жақта,ортада) **Д/О:«Үлгі бойынша санау»** **Мақсаты:** суреттерге қарап тура және кері санау. **Шарты**: үлгі боцынша санап, сәцкес санды көрсету. **3. «Әлеумет»Қоршаған ортамен танысу.** **Т/бы:"Ғарышқа сапар"** **Мақсаты:** Әр түрлі мамандық иелеріне деген құрметін арттыру.Ғарышкер мамандығы туралы түінік беру. Адамдардың ғарыш әлеміне жасаған алғашқы сапары туралы айту. Қазақтың тұңғыш ғарышкерлерімен таныстыру. Бақылау

				еңбегінің қарапайым заңдылықтары мен тәуелділіктері туралы түсінуге үйрету. **Д/О: «Кім қайда жұмыс істейді» Мақсаты:** мамандықтар туралы білімдерін жетілдіру. Олардың қайда жұмыс істейтінін түсіндіру. **Шарты:** мамандық иелерінің жұмвс істейтін жерлеріне жапсырма арқылы орналастыру.	жасау, зерттеу жұмыстарын жүргізу іскерліктерін жетілдіру. **Д/О:«Дұрыс сана» Мақсаты:**дұрыс санауға, салыстыруға, пішіндер туралы білкмдерін арттыру **Шарты:** Жоғарыда жіпке ілініп тұрған ай мен жұлдыздарды (3) санатады, салыстырады, қандай пішінге ұқсайтындарын сурайды. Ай мен жұлдыздарды қайта санатып, салыстырады. Сұрақтар қояды:- Неше ай бар? -Неше жұлдыз бар? -Не көп, не аз?
Серуенге дайындық	Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру				
Серуен	**1.Бақылау:** Қар үстіндегі іздерді бақылау. **Мақсаты:** балаларды қар үстіндегі адамдардың, жануарлардың, құстардың ізін айырып, білуге үйрету. Балаларды байқағыш, ойлау қаситтерін қалыптастырып, толықтыра түсу.Қар үстіндегі іздерге назар аударып, оны анықтай білуге көңіл қою. **2.Жеке жұмыс:**Көркем	**1.Бақылау:**Қар (ұлпаларының) ұшқындарына бақылау жүргізу. **Мақсаты:** балаларды қар ұшқындарының қалай пайда болатынын, олардың құрлысымен таныстыру, сонымен бірге балаларды байқағыштыққа тәрбиелеу .**2.Жеке жұмыс:** 1-2	**1.Бақылау:** Қырауды бақылау. **Мақсаты:** балаларға қыраудың қалай болатынын айтып кету. Қырау түскен ағаштарды бақылау. **2.Жеке жұмыс:** Жұмбақ: Құм сиақты ұсақ болғанымен, жер бетін жауып үлгереді. (қар) Қанат сияқты ақ,Ұлпа боп жерде жатады.	**1.Бақылау:**Терезедегі өрнектерді бақылау. **Мақсаты:** балаларға құбылысты түсіндіру. Олардың ойын толықтыру. Терезедегі өрнектерді бақылау **2.Жеке жұмыс:**Көркем сөз: Көл бетінде жатыр айдын – мұзойнақ,Қыстың өзі жасағандай бізді ойнап,Шаңғы теуіп жарысамыз	**1.Бақылау:**Алаңдағы ағаштарды бақылау. **Мақсаты:** балалардың ағаштарды қыс кезінде қалпын анықтап, білімін толықтыру. **2.Жеке жұмыс:**«Жұмбақты шеш» Жазда жатсаң көлеңкесінеалады,Қыста жақсаң, жаның рахат табады. Ағаш Отта жанбайдыСуда батпайды. (Мұз)

	сөз: Ақ киімді денелі, ақ сақалды, Соқыр, мылқау танымас тірі жанды, Үсті – басы ақ қырау түсі суық, Басқан жері сықырлап келіп қалды. (Абай) **3.Еңбек:** Құс тар үшін жемсалғыш жасап, оны ағашқа іліп қою, жем салу. **Мақсаты:** қыстаған құстарға, хайуанаттарға қамқоршы болуға тәрбиелеу. **4.Қ/О:**«Ақ қоян» **Мақсаты:** балаларды ептілікке баулу.Жеке жұмыс: бір құстың лабиринттен шығу жолы туралы ертегіні ойластыру. **5.Е/О:** Балалардың қалауы бойынша қимылды ойын. **Мақсаты:**Еркін ойын барысында серуенге қызығушылығын арттыру,бір-бірімен еркін қарым-қатынас жасауға үйрету.	баламен «Қыс» тақырыбына әңгімелесу. **3.Еңбек:**Аққала жасау. **Мақсаты:** жұмысты бірігіп атқаруға бағыт беру .**4.Қ/О:**«Қояндар мен қасқырлар» **Мақсаты:** Рөлдерде ойнай білуге үйрету.Байқампаздыққа, кеңістікті бағдарлауға үйрету. **5.Е/О:**Балалардың өз еріктерімен жасалатын іс-әрекеттері. **Мақсаты:**Еркін ойын барысында серуенге қызығушылығын арттыру,бір-бірімен еркін қарым-қатынас жасауға үйрету.	**3.Еңбек:** бір біріне кедергі жасамай, жұмыс істеуге үйрету. **4.Қ/О:**«Күн мен түн» **Мақсаты:**Балалардың өз еріктерімен жасалатын іс-әрекеттері **5.Е/О:**Емін-еркін ойын. **Мақсаты:**Еркін ойын барысында серуенге қызығушылығын арттыру,бір-бірімен еркін қарым-қатынас жасауға үйрету.	желменен,Күнде осында қызықтаймыз біз ойнап.(Мұзафар Әлімбаев) **3.Еңбек:** Құм салғыштың ішіне түскен қарды тазалау. **4.Қ/О:**«Үйсіз қалған қоян» **Мақсаты:** ойынның тәртібін сақтай отырып, секіріп алға жүгіру. **5.Е/О:** Ойын алаңындағы ойыншықтармен ойнау. **Мақсаты:**Еркін ойын барысында серуенге қызығушылығын арттыру,бір-бірімен еркін қарым-қатынас жасауға үйрету.	**3.Еңбек:**: Қардан бекініс жасауды үйрету. **Мақсаты:** күрекпен қарды ойып, үй салуды, бекет тұрғызуды үйрету. **4.Қ/О:**«Түлкі мен қояндар». **Мақсаты:** Жануарлар мінез-құлқын ажырата білу **5.Е/О:**«Ақ серек, көк серек» ойынын ойнату. **Мақсаты:**Еркін ойын барысында серуенге қызығушылығын арттыру,бір-бірімен еркін қарым-қатынас жасауға үйрету.
Серуеннен оралу	Балалардың реттілікпен киімдерін шешуі, өз шкафтарын тауып көрсетуге үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру.				
Түскі ас	Қасықты дұрыс пайдалануды үйрету. Асты сөйлемей ішу. Нан қиқымын шашпаңдар Жерде жатса баспаңдар Теріп алып қастерлеп Торғайларға тастаңдар				
Түскі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау				

	«Қарлығаш пен дәуіт» ертегісін оқып беру.	Баяу музыка тыңдату.	«Алтын сақа» ертегісін оқып беру.	«Бесік жырын» тыңдату	«Қу түлкі» ертегісін оқып беру.
Біртіндеп ұйқыдан ояту, уа, су шаралары	Мәдени-гигиеналық дағдыларды орындау.. **Ойын- жаттығу :** Сылдырлайды мөлдір су, Мөлдір суға қолыңды жу. Жуынсаңсаң сен әрдайым, Таза бетің, маңдайың.				
Бесін ас	Балалардың беті қолын жуып, бесін асқа отыру. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Асты сөйлемей ішу. Астан соң беті – қолды жуу.				
йындар, дербес әрекет	**«Ғажайып қапшық»** **Мақсаты:** Балалардың сөздік қорын қорын байыту.	**.Д/о: «Кім жылдам?»** **Мақсаты:** Үрленген әртүрлі шарларды кім қатты үрлеп, алысқа ұшырса сол бала жылдам болады	**Вариативтік компонент**. «Тапқыр достар» **Т\бы:** Тез тап Ойын: «Тез тап» (топтық ойын) **Мақсаты:** Ойын барысында балалды ептілікке, шапшаңдыққа баулу.Ортақ байланысы бар суреттерді тез тауып көрсету.	**Вариативтік компонент «Кел,билейік»** Станокта тұру арқылы жасалатын қимылдардың дұрыс орындалуын қадағалау.	**Д/о:«Жануарды ата»** **Мақсаты:** Жабайы жануарлардың аттарын есте бекіту,дыбыстарын қайталап айтуға үйрету.
Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс	Нұрасылдың бояумен ұқыпты жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру.	Рамазанға ғарышкер мамандығы туралы түінік беру.	Ақжүніске «Менің мамам -дәрігер»тақырыбында әңгіме құрату.	Нұрияға мамандықтар туралы түсінік беру,әр түрлі мамандықтармен таныстыру.	Нұралиге реттік санауға машықтандыру. «қанша?» «нешінші?»деген сұрақтарға жауап беруге үйрету.
Серуенге дайындық	Киіну: Серуенге шығу. Балалардың дербес ойындары.				
Серуен	**Мақсаты:** Қызығушылықтары бойынша ойындар ұйымдастыру,қарапайым тапсырмаларды орындауға үйрету,достыққа тәрбиелеу.Қыс мезгілінің ерекшеліктерімен таныстыру, ауа-райын,ауладағы ағаштарды бақылау, қыстап қалған құстарды,адамдардың киімін және аула тазалаушының еңбегінбақылату.				
алалардың үйге қайтуы	Ата-аналарға төлемақыны кешікпей төлеулерін ескерту.	Баланың жеке гигиенасын қадағалау.	Кеңес: «Бала өміріндегі ойыншықтың маңызы».	Балаларды балабақшадан қалдырмауларын ескерту.	Балалар отбасында өздері не істей алатындары туралы әңгімелесу.

ЦИКЛОГРАММА
І-апта (28.02-5.03.2022ж.)
Ересек «Шаңырақ» тобы
Өтпелі тақырып: «Салттар мен фольклор»
Апта тақырыбы: «Қазақстан халқының салттарымен дәстірлері»

Мақсаты: Жаңашыл әдіс-тәсілдерді, ақпараттық құралдарды (АКТ) пайдалана отырып**,** мемлекетімізде тұратын әр-түрлі ұлт өкілдері және олардың салт-дәстүрлері туралы түсініктерін қалыптастыру. Балалардың мүмкіндіктері мен қызығушылықтарына сәйкес ұлттық дәстүрге баулу, танымдық белсенділіктерін арттыру.

Міндеттері:

1. Балаларды тәрбиелеуде, олардың денсаулығын сақтау мен нығайтуда ата-аналарға қолдау көрсету, түрлі спорттық шараларға тарту;
2. Қоршаған ортадағы әсемдікті қабылдай отырып, балалардың ауызша сөйлеуін дамыту;
3. Эстетикалық талғамдарын қалыптастыра отырып, отансүйгіштікке тәрбиелеу;
4. Ересектердің еңбектерін құрметтеуге тәрбиелей отырып, өз-өзіне қызмет ету дағдыларын жетілдіру.

Күн тәртібі	**Дүйсенбі 28.02.2022**	**Сейсенбі 1.03.2022**	**Сәрсенбі 2.03.2022**	**Бейсенбі 3.03.2022**	**Жұма 4.03.2022**
Балаларды қабылдау.Ата-	Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: Көктем туралы әңгімелесу, жағымды қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға әртүрлі ойындар ұйымдастыру.				

аналармен әңгімелесу.					
Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б)	**Д\О«Әдемі кілемшелер»** **Мақсаты:** бөліктерден кілемше жасауға үйрету; қабылдау, ес, зейін процесстерін дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу.	**Д\О«Қазақ халқының ұлттық киіз үйінің құрылысын ата және орналастыр»** **Мақсаты:** Балаларға ұлттық киіз үйдің құрылысын білуге үйрету. Өлең жолдарымен қимыл-қозғалыс түрлерін жасап киіз үй құру. Сөздік қорларын молайту.	**Д\О «торсықты құрастыр»** **Мақсаты:**ойлау қабілеттерін арттыру. Шарты: 3-4 бөліктен тұратын торсықты жылдам құрастыра білу қажет.	**Д\О «Ұлттық аспаптар»** **Мақсаты:** Ұлттық аспаптарымыздың атауларын білуге, оларды айыра білу, ұлттық құндылықтарымыз туралы білімдерін көтеру.	**Д\О«Киіз үйдің жиһаздары мен жабдықтарын ата»** **Мақсаты:** Балаларға киіз үйдің ішін жабдықтарын атай білуге, олардың қолдануға қандай пайдасы бар екенін білуге үйрету. Суретті карточкаларды әр балаға беріп, жұмбақтап жасырып, атын шешуін айту арқылы көрсету тапқырлыққа үйрету. Логикалық ойлау қабілеттерін дамыту. Сөздік қорларын молайту.
Таңертеңгілік гимнастика (5 мин)	**Таңғы жаттығулар кешені дене шынықтыру маманының жоспары бойынша №13**				
Таңғы ас	**Астарың дәмді болсын!** Ботқаны тауысып жеуге, нанның қиқымын жерге тастамауға үйрету.				
Ұйымдастырылған оқу қызметіне (ҰОҚ) дайындық	**Д\О «Кім жылдам?»** **Мақсаты:** есте сақтау қабілеттерін арттыру Шарты: «Бесік жыры» тыңдату. (3-4 рет) балалар мұқият тыңдап,жылдам қайталап айтып беру қажет.	**Д\О:Қазақтың ұлттық ер адамның, қыз баланың киімдері»** **Мақсаты:** Суретте көрсетілген киім үлгілерін атау, оларды айыра білу, топтастыруға, тапқырлыққа, шапшандыққа баулу.	**Д\О «Ұлттық қазақ қыз баласының бұйымдары»** **Мақсаты:** Суретте көрсетілген зергерлік бұйымдардың аттарын атауды үйрету. Әшекейлердің қолданбалы сән үлгісі екенің таныстыру. Олардың атауын біліп, топтастыра білуге	***Д\О*«Қазақтың ұлттық бас киімдері ер адамға, әйел адамдарға арналған»** **Мақсаты:** Ұлттық бас киім түрлерінің атын білу, оларды айыра білу, оларды қашан, қайда, қай кезде киетінің білу, жеке-жеке топтастыру, тапқырлыққа, шапшандыққа баулу.	**Д /О. ыдыстар»** **Мақсаты:** Шапшаң қимылдап,ыдыстарды ажырата білу

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырыл- **ған оқу кестесі**	**1.Дене шынықтыру** **Мақсаты:** Негізгі қасиеттерді-шапшаңдық,ептілікті дамыту. Допты бастан асыра екі қолмен лақтыру; еңбектеуге жаттықтыру.Тепе-теңдікті сақтау қабілетін дамыту және қимыл-қозғалыстардың үйлесімділігін қалыптастыру. **Қимылды ойын:** « Эстафеталық жарыс» 2. **Жаратылыстану** **Т/бы:«Киіз үй»** **Мақсаты:**Әжеге қонаққа келу. Балаларды киіз үймен оның құрылысымен таныстыру. Киіз үй әсемдігіне,көркемдігіне ұлттық ою өрнектерге назар аудару. Сүйіспеншілік сезімді ояту. **Д\о:Тақырыбы:** «Киіз үй» **Мақсаты:** **Білімділік**: Балаларды киіз үймен таныстыру, киіз үйің құрылысын атай білуге үйрету, құрстыру әдіс - тәсілдерін	**1. Сурет салу** **Т/бы:«Кесені әшекейлейміз»** **Мақсаты:**Балаларды ң қазақ ою-өрнектері туралы түсініктерін қалыптастыру.Кесені әшекейлегенде тұмарша, ирексу элементтерін пайдалана салуды үйрету. Шығармашылық қабілеттерін дамыту. Тазалыққа салт-дәстүрді құрметтеуге тәрбиелеу. **2.Дене шынықтыру** **Мақсаты:** Тұрған орыннан ұзындыққа секіруге үйрету.Тепе-теңдікті сақтау қабілетін дамыту және қимыл-қозғалыстардың үйлесімділігін қалыптастыру.Допты екі қолмен бастан асыра лақтыру дағдысын бекіту. **Қимылды ойын:** «Торғайлар»	**1. Сөйлеуді дамыту** **Т/бы:«Бесік жыры»** **Мақсаты:**Бесік жырын тыңдату, сөздердегі дауыссыз дыбыстарды анық айтуға, тыңдалған бесік жырын қайталап айтуға үйрету **2. .Музыка** **Мақсаты:** Балаларға ең мейірімді жан ол – ана екенін айту. Балаларға аналары туралы сұрақ – жауап алмасу.	**1. . Музыка** **Мақсаты:** Әнді тыңдап сезіне білуге, ән мазмұнын әңгімелеп айтуға дағдыландыру, дыбыс биіктігі, тембрі туралы ұғымын қалыптастыру. **2. Математика негіздері** **Т/бы:Реттік санау заттың санын цифрмен сәйкестендіру. Солға, оңға .** **Мақсаты:** Реттік санау туралы білімдерін бекіту, үлгі бойынша санау,заттың саны мен цифр арасындағы сәйкестікті қою.	**1.Көркем әдебиет** **Т/бы:«Көктемде»Қ. Аманжолов.** **Мақсаты:** Қазақтың қонақжайлылық дәстүрімен таныстыру, жұмбақ шешкізу, жаңылпаштарды жатқа айтқызу 2. **Құрастыру** **Т/бы:«Көп қабатты үйлер»** **Мақсаты:** Бөлшектерді орналастыру әдісі арқылы түрлі түсті және әртүрлі көлемдегі материалдардан үйдің құрылысын салуға үйрету **3.Дене шынықтыру** **Мақсаты:** Өрілген жіппен орындалатын жаттығуларды үйрету.Негізгі қасиеттерді-шапшаңдық,ептілікті дамыту. Гимнастикалық қабырғада өрмелеуге жаттықтыру; допты домалату барысында бағытты ұстану. **Қимылды ойын:** «Қайталау»

	меңгерте отырып киіз үйді құрастыра білуге үйрету. 3. **Мүсіндеу** **Т/бы:«Әдемі кесе »** **Мақсаты:**Қазақтың қолөнер туындысы кесе мүсінін жасауға үйрету. Ермексаздан кесенің жасалу жолдарын түсіндіре, Тұтас кесегін пайдалануда ыдысты мүсіндеуге деген қызығушылықтарын арттыру.				
Серуенге дайындық	Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру				
Серуен	**Бақылау.** Ауладағы ағаштарды бақылау. **Мақсаты:** Ағаштардың қысқы бейнесі туралы түсінік беру.Табиғатқа деген қамқорлық сезімдерін дамыту. **Еңбек:** Ересектердің көмегімен ойын алаңын тазалау. **Мақсаты:**Балаларды тазалыққа,еңбекқорлыққа тәрбиелеу. **Қ\о:** «Қуыспақ» **Мақсаты:** Жылдамдыққа,шапшаң дыққа баулу. **Жеке жұмыс:**	**Бақылау.** Аспанды бақылау. **Мақсаты:**Табиғат құбыл ысымен таныстыруды жалғастыру.Ауа райының өзгерісін аспан өзгерісі мен байланыстыруды үй рету(ашық аспан,бұлтты) **Еңбек:**Ойын алаңын тазартуға үлкендерге көмектесу. **Мақсаты:**Айналаның тазалығын сақтауға,үлкен	**1.Бақылау:**Гүлдейтін ағаштарды бақылау **Мақсаты:**жеміс ағаштарының гүлдейтінін көрсету арқылы оларға түйнектің қалай пайда болатынын түсіндіру. **2.Жеке жұмыс:** Балаларға шие және алма ағаштардың гүліне қарай ажыратуға үйрету. **3.Еңбек:**ағаш түбін қопсыту.**Мақсаты:** жұмысты бірігіп атқаруға бағыт беру.**4.Қ/О:**«Қояндар мен қасқырлар» **Мақсаты:** Рөлдерде	**1.Бақылау:** **Күнді бақылау** **Мақсаты:** күн энергиясының адамдар, өсімдіктер және жануарлар өміріне әсері туралы білімдерін бекіту. **2.Жеке** **жұмыс:**Жаңылтпаштар жаттау: Үйір, үйір үйректі, Қаз маңғаз, Үйірге кім үйретті? Үйір, үйір үйректі, Үйірге өзім үйреттім. Мақсаты: сөздік қорларын байыту. **3.Еңбек:**Гүл егетін орынды тазалап, гүл	**1.Бақылау:** **Ұшып келген құстарды бақылау** **Мақсаты:** көктем құстары жайлы білімдерін бекіту. Құстарға деген қамқорлыққа тәрбиелеу. **2.Жеке жұмыс:** Көркемсөз «Көктем» Б. Жақып Көктем келді бүгін, Күнім төкті нұрын. Сайрап барлық құстар, Ән салуға құштар. Түрлі_- түсті әйбат, Гүлдер шықты жайнап. Қызыл - жасыл аймақ, Қырға шықтық ойнап. **3.Еңбек:**Алаңдағы

	Айсұлтанға қыс мезгілінің ерекшелік терін айтқызу. **Мақсаты:**қыс мезгілінің ерекшеліктерін меңгерту, сөздік қорын дамыту. **Еркін ойындар .** Тәрбиешінің жетекші-лігімен ойындар ойнату. **Мақсаты:**Еркін ойын барысында серуенге қызығушылығын арттыру,бір-бірімен еркін қарым-қатынас жасауға үйрету.	дерге көмек көрсетуге үйрету. **Қ\о:** «Маған қарай жүгіріңдер» **Мақсаты:**Жылдамдық қа, шапшаңдыққа баулу. **Жеке жұмыс:** Нұрасылдан бүгінгі ауа-райын сұрау. **Мақсаты:**Сұрақтарға толық жауап беруге дағдыландыру,сөздік қорын дамыту. **Еркін ойындар:** Тәрбиешінің жетекшілігі мен ойындар ойнату. **Мақсаты:**Еркін ойын барысында серуенге қызығушылығын арттыру,бір-бірімен еркін қарым-қатынас жасауға үйрету	ойнай білуге үйрету.Байқампазды ққа, кеңістікті бағдарлауға үйрету. **5.Е/О:**Балалардың өз еріктерімен жасалатын іс-әрекеттері. **Мақсаты:**Еркін ойын барысында серуенге қызығушылығын арттыру,бір-бірімен еркін қарым-қатынас жасауға үйрету	отырғызуға дайындау. **Мақсаты:** бірлесе жұмыс істеуге деген құпшыныстарын арттыру. **4.Қ/О:«Ұшты ұшты».** **Мақсаты:** зейіндерін дамыту, байқампаздыққа, тез ойлап, тез шешім қабылдауға үйрету. **5.Е/О:** Ойын алаңындағы ойыншықтармен ойнау. **Мақсаты:**Еркін ойын барысында серуенге қызығушылығын арттыру,бір-бірімен еркін қарым-қатынас жасауға үйрету.	сынған ағаш бұталарын жинау, бұталар түбін тазалау. Мақсаты: еңбексүйгіштікке баулу, бірлесе жұмыс істеу дағдыларын дамыту, істеген жұмыс нәтижесіне қуана білу. **4.Қ/О:«Біздің аулада не өседі?».** **Мақсаты:** ағаштар аттарын есте сақтауларын тиянақтау, аталған жерге тез жетуге, тез ойлауға, тез шешім қабылдауға баулу. **5.Е/О:**«Ақ серек, көк серек» ойынын ойнату. **Мақсаты:**Еркін ойын барысында серуенге қызығушылығын арттыру,бір-бірімен еркін қарым-қатынас жасауға үйрету.
Серуеннен оралу	Балалардың реттілікпен киімдерін шешуі, өз шкафтарын тауып көрсетуге үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру.				
Түскі ас	Қасықты дұрыс пайдалануды үйрету. Асты сөйлемей ішу. Нан қиқымын шашпаңдар Жерде жатса баспаңдар Теріп алып қастерлеп Торғайларға тастаңдар				
Түскі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау				
	Баяу музыка тыңдату.	«Әлди-әлди»әнін айтып беру.	Баяу музыка тыңдату.	«Ер төстік» ертегісін айту.	Баяу музыка тыңдату.
Біртіндеп ұйқыдан ояту, ауа, су	Мәдени-гигиеналық дағдыларды орындау.. **Ойын- жаттығу :** Сылдырлайды мөлдір су,				

шаралары	Мөлдір суға қолыңды жу. Жуынсаңсаң сен әрдайым, Таза бетің, маңдайың.				
Бесін ас	Балалардың беті қолын жуып, бесін асқа отыру. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Асты сөйлемей ішу. Астан соң беті – қолды жуу.				
Ойындар, дербес әрекет	**Қ\о:** «Кім шапшаң?» **Мақсаты:** Балаларды жылдамдыққа, ептілік- ке,тез қимылдауға тәрбиелеу.Ойынға деген қызығушылықтарын,белсенділіктерін арттыру.	**Қ\о:** «Менің көңілді добым» **Мақсаты:**Балаларды жылдамдыққа, ептілік ке баулу.Балалардың ойынға деген қызығушылығын арттыру.	**Вариативтік компонент:** «Тапқыр достар!» **Т\б**: Ойын: «Өрнек құрастыру» (жеке ойын) **мақсаты:** Балалардың қазақ ою-өрнектері туралы түсініктерін қалыптастыру.Түрлі-түсті бөлшектерден өрнек құрастыру.	**Вариативтік компонент:** «Кел,билейік!» **Мақсаты:** «Наурыз» мерекесімен таныстыру. Қазақ халқының салт-дәстүрлеріне бейімдеу.	**Д/о: «Бұл қай мезгіл?»** **Мақсаты:** Балаларды өлең арқылы жыл мезгілін ажырата білуге үйрету.
Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс	**Жеке баламен жұмыс:** Мейіржанға сурет бойынша сұрақтарға толық жауап беруге үйрету. **Мақсаты:**Сұрақтарға толық жауап беруге дағдыландыру,сөздік қорын дамыту.	**Жеке баламен жұмыс:** Ибрахимге бірдей заттарды салыстыруды үйрету. **Мақсаты:**Көп заттардың арасынан бірдей заттарды таба білуге дағдыландыру.	**Жеке баламен жұмыс:** Аселге пішіндерді үйлесімділікпен жапсыра білуді үйрету. **Мақсаты:**Геометриялық пішіндерді ажыратуға, саусақ моторикасын дамыту	**Жеке баламен жұмыс:** Епкебұланға кеңістікті дұрыс бағдарлауды үйрету.Оң,сол. **Мақсаты:** кеңістікті дұрыс бағдарлауды дағдыландыру, оң жақта,сол жақта ұғымын меңгерту.	**Жеке баламен жұмыс:** Рамазанға түрлі-түсті шардың суретін үлгі бойынша салдыру. **Мақсаты:**Түстерді ажырата білуге, қарындашты дұрыс ұстауға үйрету.
Серуенге дайындық	Киіну: Серуенге шығу. Балалардың дербес ойындары.				
Серуен	**Мақсаты:**Қызығушылықтары бойынша ойындар ұйымдастыру,қарапайым тапсырмаларды орындауға үйрету,достыққа тәрбиелеу.Күз мезгілінің ерекшеліктерімен таныстыру,аспанды бақылату,ауа-райын бақылату,гүлзарды бақылату. Өлі табиғат туралы түсінік беру,тастарды бақылату, оның түрлері мен қасиеттері туралы айту.Желді бақылату.				
Балалардың үйге қайтуы	Балалар отбасында өздері не істей алатындары туралы әңгімелесу	Бала денсаулығы жөнінде әңгімелесу. Балаларды жыл мезгіліне сай киіндіру.	Балалардың бала бақшадағы іс-әрекеті туралы әңгімелесу. Берілген тақпақтарын жаттатқызу.	Балалардың бүгінгі жетістігі,бала денсаулығы жөнінде әңгімелесу. Балаларды жыл мезгіліне сай киіндіру.	Жаттаған тақпақтарын үйде айтқызу және баламен үйде әңгімелесуді тапсыру.

ЦИКЛОГРАММА
II-апта (5-11наурыз 2022ж.)
Ересек «Шаңырақ» тобы
Өтпелі тақырып: «Салттар мен фальклор»
Апта тақырыбы: «Ертегілер елінде.Театр әлемі»

Мақсаты: Жаңашыл әдіс-тәсілдерді, ақпараттық құралдарды (АКТ) пайдалана отырып**,** мемлекетімізде тұратын әр-түрлі ұлт өкілдері және олардың салт-дәстүрлері туралы түсініктерін қалыптастыру. Балалардың мүмкіндіктері мен қызығушылықтарына сәйкес ұлттық дәстүрге баулу, танымдық белсенділіктерін арттыру.

Міндеттері:

5. Балаларды тәрбиелеуде, олардың денсаулығын сақтау мен нығайтуда ата-аналарға қолдау көрсету, түрлі спорттық шараларға тарту;
6. Қоршаған ортадағы әсемдікті қабылдай отырып, балалардың ауызша сөйлеуін дамыту;
7. Эстетикалық талғамдарын қалыптастыра отырып, отансүйгіштікке тәрбиелеу;
8. Ересектердің еңбектерін құрметтеуге тәрбиелей отырып, өз-өзіне қызмет ету дағдыларын жетілдіру.

Күн тәртібі	**Дүйсенбі 5.03.2022**		**Сәрсенбі 9.03.2022**	**Бейсенбі 10.03.2022**	**Жұма 11.03.2022**
Балаларды қабылдау.Ата-аналармен әңгімелесу.	Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: Жағымды қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға әртүрлі ойындар ұйымдастыру.				
Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б)	**«Бұл қай ертегі?» Мақсаты:** Балаларды байқампаздыққа, шапшаңдыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.		**«Ертегіні ойнайық». Мақсаты**: Ертегілер туралы білімдерін кеңейте отырып, балалардың фонетикалық есту қабілетін және сөйлеу тілін жетілдіру.	**Ертегімізді жұмбақтар арқылы шешу:** Қашып кеткен атадан, қашып кеткен ападан, Орманда кеше жүр едім, Домалап шықты алдымнан. (Бауырсақ)	**Дидактикалық ойын**: «Ертегі кейіпкерлерін тап» **Мақсаты**:Логикалық ойлауды,балалардың еске сақтау қабілетің дамыту.
Таңертеңгілік гимнастика (5 мин)	**Таңғы жаттығулар кешені дене шынықтыру маманының жоспары бойынша №13**				
Таңғы ас	**Астарың дәмді болсын!** Ботқаны тауысып жеуге, нанның қиқымын жерге тастамауға үйрету.				
Ұйымдастырылған оқу қызметіне (ҰОҚ) дайындық	**«Ертегі құрастыр»** *(пазл)* **Мақсаты.** суреттерге		**«Лақтарға дұрыс жолды көрсет» («Жеті лақ»ертегісі бойынша).**	**Қимылды ойын: «Ертегі кейіпкерлерін ажырату»** Мақсаты: Балаларды	**Фланелеграф ойыны Мақсаты:***«қоянның үйшігі»* ертегі кейіпкерлерін

	қарап ертегі кейіпкерлерін рөлін дұрыс құрастырып , сол ертегіні айтып беру.		**Мақсаты:** Лақтарды анасына апаратын жолдың үстінен сызып батыр.Егер жолдан қателессең, лақтар қасқырға барып, қасқыр лақтарды жеп қояды. (Балалар үстел жанына барып сызады)	байқампаздыққа, шапшаңдыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.	орындарына дұрыс қою.
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырыл-ған оқу кестесі	**1.«Денсаулық»** **Дене шынықтыру** **Мақсаты:**Тұрған орыннан ұзындыққа секіруге үйрету.Тепе-теңдікті сақтау қабілетін дамыту және қимыл-қозғалыстардың үйлесімділігін қалыптастыру.Допты екі қолмен бастан асыра лақтыру дағдысын бекіту.**Қимылды ойын: «**Арқан тартыс**»** **2.Орыс тілі** **«В гостях у сказки, мир театра»** **Цель:**Воспитывать интерес к народному творчеству, развивать спасобность к восприятию произведений различного жанра. Обогатить словарный запас детей новыми словами.Прививать интерес к		**1.«Қатынас» Сөйлеуді дамыту** **Т/бы:«Бауырсақ» ертегісі.** **Мақсаты:**Балаларға таныс ертегілерді тыңдатып, өздерін рөлдерге бөліп ойнату, ондағы кейіпкерлердің дауыс ырғағын келтіріп айтуға үйрету. **2.«Шығармашылық»Музыка** **1.Музыка** **Мақсаты:** Киіз үй туралы түсінік беру. Домбыра аспабының ерекшеліктерін түсіндіру. Әуенді соңына дейін тыңдауға, таныс әуендерді ажырата білуге, әнді жеңіл әндете айтуға үйрету. Тембрлік есту қабілетін дамыту.Күйді тыңдап,сезіне білуге баулу.Әуенге сай би қимылдарын ауыстыра білуге үйрету.	**1.«Қатынас»** **Көркем әдебиет** **Т/бы: «Торғай мен түлкі»** **Мақсаты:**Ертегіні оқу арқылы мазмұнын түсінуге үйрету.Диалог сөздерді мәнеріне келтіре айту дағдысын қалыптастыру.Балалардың халық ертегілеріне деген сүйіспеншілігін ояту. **2. «Шығармашылық»Жапсыру** **Т/бы:«Ертегідегі құс»** **Мақсаты:** Ертегі құсы туралы ұғым қалыптастыру, балалардың бейне таспадан көрген ертегі негізінде танығаң қарлығаш құсы бейнесін қағаз бетіне жапсыру, бірнеше бөліктерді қиюға үйрету, бөліктерді үйлесімді қолдана білуін жетілдіру; қол, саусақ қимылдарын дамыту, өз жұмыстарын бағалай білуге, шыдамдылыққа, төзімділікке тәрбиелеу. **Жаратылыстану** **Т/бы:«Үш аю» ертегісі.**	1. **«Денсаулық»** **Дене шынықтыру** **Мақсаты:**Допты бір- біріне домалатуға үйрету.Белгіге қарай жылдам жауап беру дағдысын қалыптастыру.Допты екі қолмен бастан асыра лақтыру арқылы қимыл- қозғалыс үйлесімін дамыту **Қимылды ойын:** «Қайталау» 2. **«Таным»** **Математика негіздері** **Т/бы: «Математикалық жұмбақ.Цифрлар туралы өткенді пысықтау.Реттік санауды пысықтау»** **Мақсаты:**Заттың санын сәйкестендіруді әрі қарай жалғастыру.Реттік санауға машықтандыру. Сандардың арасындағы байланысты түсіндіру, «жылдам, баяу», ұғымдарын нақты мысалдармен түсіндіру.

	драматизации сказки и изучению языка .			**Мақсаты:**Жануарлар мен өсімдіктер туралы түсініктерін кеңейту, тақырыпқа сәйкес ертегіні рөлдерге бөліп ойнату	Тәуліктің қарама-қарсы бөліктерін атауға, кеңістіктегі заттардың орналасуын анықтауға, логикалық тапсырмаларды шешуге тәрбиелеу. **Қоршаған ортамен танысу** **Т/бы:«Ертегілер еліне саяхат»** **Мақсаты:**Балалардың ертегі туралы түсініктерін бекіту,тілдерін байыту.Ойлау қабілеттерін дамытып,ауыз әдебиетіне деген қызығушылықтарын арттыру.Әдеби тілде сөйлей білуге дағдыландыру.
Серуенге дайындық	Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру				
Серуен	**Бақылау:**Гүлдейтін ағаштарды бақылау **Мақсаты:**жеміс ағаштарының гүлдейтінін көрсету арқылы оларға түйнектің қалай пайда болатынын түсіндіру. **2.Жеке жұмыс:** Балаларға шие және алма ағаштардың гүліне қарай ажыратуға үйрету. **3.Еңбек:**ағаш түбін қопсыту. **Мақсаты:** жұмысты		**Бақылау:** Жәндіктердің алғаш жануын бақылау. **Мақсаты:**Жәндік туралы білімдерін жетілдіру. **2.Жеке жұмыс:** Жәндіктер туралы жұмбақтар шешу. **3.Еңбек:** бір біріне кедергі жасамай, жұмыс істеуге үйрету. **4.Қ/О:**«Күн мен түн» **Мақсаты:**Балалардың өз еріктерімен жасалатын іс-әрекеттері	**Бақылау:**Ауа райын бақылау. **Мақсаты:**ауа райы туралы өз ойларын айтуға үйрету, кешегі күнгі ауа райы мен салыстырып өзгешелігін айтуға жұмыстандыру. **2.Жеке жұмыс:**Көркем сөз: Жазғытұры қалмайды қыстың сызы, Масатыдай құлпырар жердің жүзі. Жан-жануар, адамзат анталаса,	**Бақылау:**Құстарды бақылау. **Мақсаты** : құстардың атауларын айтуға, бір-бірінен ажыратуға үйрету. **2.Жеке жұмыс:**2-3 баладан көктем мезгілінің ерекшелігі туралы сұрау. **3.Еңбек:** Құстарға жем беру. **4.Қ/О:**«Аңшы мен қояндар» **Мақсаты** : жылжымалы лақтырған нысанға затты тигізу, жүгіруге өрмелеп шығуға жаттықтыру. **5.Е/О:** Ойын алаңындағы

	бірігіп атқаруға бағыт беру. **4.Қ/О:**«Қояндар мен қасқырлар» **Мақсаты:** Рөлдерде ойнай білуге үйрету.Байқампаздыққа, кеңістікті бағдарлауға үйрету. **5.Е/О:**Балалардың өз еріктерімен жасалатын іс-әрекеттері **Мақсаты:**Еркін ойын барысында серуенге қызығушылығын арттыру,бір-бірімен еркін қарым-қатынас жасауға үйрету		**5.Е/О:**Емін-еркін ойын. **Мақсаты:**Еркін ойын барысында серуенге қызығушылығын арттыру,бір-бірімен еркін қарым-қатынас жасауға үйрету	Ата-анадай елжірер күннің көз(Абай Құнанбаев) **3.Еңбек:** Құм салғыштың ішін қағаздардан тазалау. **4.Қ/О:** «Үйсіз қалған қоян» **Мақсаты:** ойынның тәртібін сақтай отырып, секіріп алға жүгіру. **5.Е/О:** Ойын алаңындағы ойыншықтармен ойнау. **Мақсаты:**Еркін ойын барысында серуенге қызығушылығын арттыру,бір-бірімен еркін қарым-қатынас жасауға үйрету	ойыншықтармен ойнау. **Мақсаты:**Еркін ойын барысында серуенге қызығушылығын арттыру,бір-бірімен еркін қарым-қатынас жасауға үйрету
Серуеннен оралу	Балалардың реттілікпен киімдерін шешуі, өз шкафтарын тауып көрсетуге үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру.				
Түскі ас	Қасықты дұрыс пайдалануды үйрету. Асты сөйлемей ішу. Нан қиқымын шашпаңдар Жерде жатса баспаңдар Теріп алып қастерлеп Торғайларға тастаңдар				
Түскі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау				
	Баяу музыка тыңдату	.	«Шалқан» ертегісін оқып беру.	«Бесік жырын» тыңдату	«Үш аю» ертегісін оқып беру.
Біртіндеп ұйқыдан ояту, ауа, су шаралары	Мәдени-гигиеналық дағдыларды орындау.. **Ойын- жаттығу :** Сылдырлайды мөлдір су, Мөлдір суға қолыңды жу. Жуынсаңсаң сен әрдайым, Таза бетің, маңдайың.				
Бесін ас	Балалардың беті қолын жуып, бесін асқа отыру. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Асты сөйлемей ішу. Астан соң беті – қолды жуу.				
Ойындар, дербес әрекет	**Сюжетті ойын: «Дәрігер»** Мақсаты: Балалардың білім деңгейін,		**Вариативтік компонент «Тапқыр достар»** **Тақырыбы:** Ақылды текшелер	**Вариативтік компонент «Кел,билейік» мақсаты:**	**Д/о:«Ою-өрнектерді ата»** **Мақсаты:** Қазақтың ою – өрнектері туралы

	ойындарды ойната отырып, әрі қарай жан - жақты дамыту, тіл байлығын жетілдіру, сөздік қорын молайту. Үлкендер еңбегін құрметтеуге, сыйлауға, адамгершілікке тәрбиелеу. Балаларды ұйымшылдыққа, жауапкершілікке, адалдыққа, кішіпейілділіккетәрбиелеу		Ойын: «Кәмпиттерді сәйкестендіру» (топтық ойын) **Мақсаты:** Текшелерден тізбек құрастыру арқылы текшелердің орнын табуға жаттықтыру.	Мимикамен билеуге дағдыландыру. Шахматтық реттікке тұру. Өз орындарын таба білу. Баланың пластикасына көп көңіл бөлу.	түсініктерін қалыптастыру, атай білуге үйрету.Баланың есте сақтау қабілетін, елесін дамыту. Балаларды шыдамдылыққа, ұқыптылыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу.Көрнекі құралдар: Ою-өрнетердің суреттері. .
Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс	**Жеке баламен жұмыс:** Диастан «Шалқан» ертегісін айтқызу. **Мақсаты:**ертегінің кейіпкерлерін атауды үйрету.Сұрақ қою арқылы ертегі мазмұнын айтқызу.		**Жеке баламен жұмыс:** Рамазаннан түстерді сұрау. **Мақсаты:**Түстерді ажырата білуге үйрету,білімдерін кеңейту.	**Жеке баламен жұмыс:** Әселге пішіндерді үйрету. **Мақсаты:**Берілген тапсырманы орындауға үйрету.Ептілікке,шапшаңдылыққа баулу.	**Жеке баламен жұмыс:** Нұрасылға шеңбер бойымен жүруді үйрету. **Мақсаты:**Берілген тапсырманы дұрыс орындауға үйрету.
Серуенге дайындық	Киіну: Серуенге шығу. Балалардың дербес ойындары.				
Серуен	**Мақсаты:**Қызығушылықтары бойынша ойындар ұйымдастыру,қарапайым тапсырмаларды орындауға үйрету,достыққа тәрбиелеу.Күз мезгілінің ерекшеліктерімен таныстыру,аспанды бақылату,ауа-райын бақылату,гүлзарды бақылату. Өлі табиғат туралы түсінік беру,тастарды бақылату, оның түрлері мен қасиеттері туралы айту.Желді бақылату.				
Балалардың үйге қайтуы	Баланың жеке гигиенасын қадағалау.		Балаларды балабақшадан қалдырмауларын ескерту.	Балалар отбасында өздері не істей алатындары туралы әңгімелесу.	Кеңес: «Бала өміріндегі ойыншықтың маңызы».

Наурыз айының III аптасы 14.03. - 18.03.22 ж «Шаңырақ» ересек тобының күн тәртібіндегі тәрбие, оқу қызметінің циклограммасы.

Өтпелі тақырыбы: «Салттар мен фольклор»

Апта тақырыбы: «Өнер көзі халықта»

Мақсаты: Жаңашыл әдіс – тәсілдерді , ақпараттық құралдарды (АКТ) пайдалана отырып, мемлекетімізде тұратын әр – түрлі ұлт өкілдері және олардың салт – дәстүрлері туралы түсініктерін қалыптастыру. Балалардың мүмкіндіктері мен қызығушылықтарына сәйкес ұлттық дәстүрге баулу, танымдық белсенділіктерін арттыру.

Міндеттері:

5. Балаларды тәрбиелеуде , олардың денсаулығын сақтау мен нығайтуда ата – аналарға қолдау көрсету, түрлі спорттық шараларға тарту;
6. Қоршаған ортадағы әсемдікті қабылдай отырып , балалардың ауызша сөйлеуін дамыту;
7. Эстетикалық талғамдарын қалыптастыра отырып , отан сүйгіштікке тәрбиелеу;
8. Ересектердің еңбектерін құрметтеуге тәрбиелей отырып , өз – өзіне қызмет ету дағдыларын жетілдіру.

Күн тәртібі.	**Дүйсенбі 14.03.**	**Сейсенбі 15.03.**	**Сәрсенбі 16.03.**	**Бейсенбі 17.03.**	**Жұма 18.03.**
Балаларды қабылдау. Ата-анамен әңгімелесу.	Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: Балалардың қимыл әрекетін ұйымдастыра отырып, ересектермен, балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын дамыту. Табиғатта өзін ұстай білу ережелері мен тірі және өлі табиғат объектілеріне деген ұқыпты қарым-қатынасын дамыту. Эстетикалық талғамдарын жетілдіру.				
Ойындар (үстел үсті,	**Дидактикалық ойын: Тақырыбы: «Жұп суреттер»**	**Үстел үсті ойыны**:«Дамино» **Мақсаты:** Балалардың	**Өлең жолдарын қайталату «Көктем». Қ.**	**Үстел үсті ойыны:«Пазл» Мақсаты:**	**Дидактикалық ойын: Тақырыбы:** «Телефон» **Мақсаты:** Қатты қағаздан

дидактикалық, саусақ т.б.)	**Мақсаты:**Балалардың байқампаз қабілетін дамыту; заттардың, суреттердің ұқсастық пен айырмашылықтарын табуға үйрету; балалардың сөйлеу қабілетін арттырып, ұқсас, әр түрлі, бірдей сөздерін үйрету.	ой өрісін ,зейінін, ойлау қабілетін дамыту. Шапшаңдыққа және саусақ моторикасын дамыту.	**Сатмухамбетова** Ертегі боп келеді, Тіршілікте енеді. Нәзік гүлі бәйшешек, Қуанышқа бөледі. **Мақсаты:**Балалардың сөйлеу қабілеттерін дамыту, сөйлем құрап өз ойларын жеткізуге ,өлең жолдарын нақышына келтіріп айтуға тәрбиелеу.	Балалардың ой өрісін зейінін, ойлау қабілетін дамыту.Шапшаңдыққа және саусақ моторикасын дамыту.	жасалған телефон пішініне реттік сандарын әр түспен жапсыру. Түстерді атау, пішіндерін ажырату, сөздік қорын дамыту.
Ертеңгілік жаттығу.	**Таңғы жаттығулар кешені дене шынықтыру маманының жоспары бойынша №12**				
Таңғы ас.	**Астарың дәмді болсын!** Тамақты төгіп-шашпай ұқыпты ішу,майлықты қолдануға үйрету.Тамақтан соң алғыс айту.Таңғы аспен таныстыру.				

Ойындар, ұйымдастырылған оқу қызметіне дайындық.	**«Үйдің есігін жабайық»** **Мақсаты:** заттарды өлшемі бойынша салыстыруға, жуан және жіңішке заттарды ажыратуға жаттықтыру. Ойлау қабілетін дамыту. Ойынның құрал-жабдықтары: үйдің, есіктің суреттері. Ойынның мазмұны: қағаздан қиылған, есігі жоқ үйдің суретін балаларға тарату. Жуан және жіңішке есіктерді үйдің өлшеміне сай келтіріп салуды ұсыну.	**Дидактикалық ойын: «Оюды құрастыр»** **Мақсаты:** Бірнеше бөліктерге бөлінген ою қиындыларынан бір тұтас оюды құрастыра білуге үйрету, бастаған істі аяқтауға тәрбиелеу.	**Дидактикалық ойын: «Бұл қай салт – дәстүр?»** **Мақсаты:** Қазақ халқының бінеше салт – дәстүрлерінің суреті көрсетіледі. Балалар қай салт – дәстүрлері екенің тауып айту керек.	**Балалармен әңгімелесу:** «Салттар мен дәстүрлер» тақырыбында. **Мақсаты:** Өз мемлекетімізде тұратын әр – түрлі ұлт өкілдері және олардың салт – дәстүрлері туралы түсініктерін қалыптастыру.	**Д/ойын:** «Сиқырлы суреттер». **Мақсаты:** Қиылған суреттерді құрастыру. Құралған суреттер бойынша әңгімелеу. Логикалық ойлау қабілетін дамыту.
Ұйымдастырылған	**«Таным»** **1.Жаратылыстану**	**«Шығармашылық»** **1. Сурет салу.**	**«Қатынас»** **1.Сөйлеуді дамыту**	**«Шығармашылық»** **1. Музыка**	**«Таным»** **1. Құрастыру**

оқу қызметі.	**Т/бы: «Төрт түліктің пайдасы»** **Мақсаты:**Төрт түлік туралы түсініктерін кеңейту, оның жүнінен жасалған заттарды қарау арқылы, жылы, жұмсақ болатынын бақылау **Д/о:** «Төлің тап» **Мақсаты:** Үй жануарлары туралы білімдерін кеңейту, олардың төлдерімен таныстыру. **Шарты:** Үй жануарларының төлдерін тауып сызықтар арқылы қосу. **«Денсаулық»** **2.Дене шынықтыру** **Мақсаты:** Қайталамалы жүгіруге жаттықтыру. Қимыл-қозғалыстар үйлесімін дамыту.Гимнастикалық орындық үстімен жүгіруге жаттықтыру арқылы тепе- теңдік сақтай білу дағдыларын бекіту. **Қимылды ойын:** «Тақия тастамақ» **«Шығармашылық»** **3.Мүсіндеу** **Т/бы:** «Ұлттық бұрыш» **Мақсаты:** Мүсіндеудің таныс тәсілдерін пайдалана отырып, ермексаздан мүсіндеу. Ертегілер мен қоршаған өмір	**Т/бы: «Оюлы сандықша»** **Мақсаты:** Қазақтың қол өнер туындысы сандықпен таныстыру, бұрыштарға қазақ оюының қос элементін салуды үйрету. **«Денсаулық»** **2.Дене шынықтыру** **Мақсаты:** Допты бір-біріне домалатуға үйрету.Допты екі қолмен бастан асыра лақтыру арқылы қимыл- қозғалыс үйлесімін дамыту. Гимнастикалық орындық үстімен жүгіруге жаттықтыру арқылы тепе- теңдік сақтай білу дағдыларын бекіту. **Қимылды ойын:** «Қыз қуу»	**Т/бы:** «**Наурыз мерекесі»** **Мақсаты:**Қолдан жасалған заттармен таныстыру, олардың бөліктерін ажыратуға, сөздерді септелуіне қарай байланыстыруға үйрету. **Д/ойын:** «Киіз үй» **Мақсаты: Адамдардың баспанасы үйлер туралы мағұлмат беру. балалардың ой өрістерін дамыту.** **Шарты:** балалардың алдарына берілген киіз үй ішіне, жиһаздарды ретімен орналастыру. **«Шығармашылық»** **2. Музыка** **Мақсаты:** Балаларға Наурыз мерекесі туралы мәлімет беру, салт – дәстүрлерімен таныстыру, мерекені музыкамен байланыстыру.	**Мақсаты:** Әнді көңілді,таза дауыспен айтуға,дағдыландыру. **«Таным»** **2.Математика негіздері** **Т/бы: «Реттік санау өзіне қатысты тұрғыдан заттардың кеңістікке орналасуы. Заттардың санын цифрмен сәйкестендіру.** **Мақсаты:** Санау туралы білімдерін бекіту. Заттардың санын цифрмен сәйкестендіру **Мақсаты:** **Д/ойын:** «Заттарды сандармен сәйкестендіреміз» **Мақсаты:** Реттік санауға үйрету. Суреттегі заттарды сандармен сәйкестендіруге үйрету.	**Т/бы: «Сыйқырлы зәулім үй»** **Мақсаты:**Құрастыру кезінде сәйкес белгілері бойынша бөлшектерді біріктіре білу және ойнай отырып шығармашылық қиялдау дағдыларын қалыптастыру.Сюжет бойынша құрылыстарды салуға және біріктіруге үйрету. **«Қатынас»** **2.Көркем әдебиет** **Т/бы: «Наурыз тойы»** **Т.Молдағалиев** **Мақсаты:**Тақырыпқа сәйкес халық өлеңінің ырғағы мен ұйқасын бере білуге үйрету **Д/о:** «Ғажайып текше» **Мақсаты:** Балаларды сурет бойынша ертегі мазмұнын баяндай білуді жалғастыру, үлкенге кішіге көмек бере білуге тәрбиелеу. Сұрақ-жауап беру белгілерін дамыту. **«Денсаулық»** **3.Дене шынықтыру** **Мақсаты:** Қазақ халқының дәстүрлерімен

	тақырыптарына мазмұндық композициялар құрастыру дағдыларын жетілдіру				балаларды таныстыру.Спортқа деген қызығушылығын ояту.Үйренген жаттығуларын орындай білу дағдысын дамыту. **Қимылды ойын: «**Таяқ лақтыру**»**

Серуенге дайындық.	Серуенге шығу,балаларды біртіндеп киіндіру,киімдерінің дұрыс киінуін қадағалау,қатармен жүруге дағдыландыру.				
Серуен.	**Бақылау** «Ауа – райын» бақылау **Мақсаты:**Балаларды ауа – райының өзгерістерімен таныстыру, көктемнің алғашқы өзгерістерін (күн бірте – бірте жылына бастайды, күннің көзі ашылып жер бетін жылыта бастайды, мұз бен қар еріп суға айналады) және олардың арасындағы байланысты тауып атауға үйрету. **Еңбек:** Ересектердің көмегімен қарапайым еңбек тапсырмаларын орындау. **Мақсаты:**Балаларды тазалыққа,еңбекқорлыққа тәрбиелеу. **Қ\о:**«Аюдың апанында» **Мақсаты:**Балалардың	**Бақылау** «Ашық күнді” бақылау. **Мақсаты:** Көктем мезгіліндегі күн ашық, жайма шуақ болатынын бақылау. **Еңбек:** құстарды тамақтандыру, жем салғышқа жем салу. **Мақсаты:** балаларды құстарды қамқорлауға үйрету. **Қ/ о:** «Аюлар мен аралар» **Мақсаты:** балаларды шыдамды, сабырлы қалыпта берілген белгіні тыңдауға, тез жүгіруге түстерді ажырата білуге баулу. **Жеке жұмыс:** Рамазанға төрт түлік малдарды атату. **Мақсаты:** Төрт түлік туралы түсініктерін кеңейту, үй жануарларының пайдасы туралы	**Бақылау** «Аспанды» бақылау. **Мақсаты:** Балаларды көктемгі аспанды бақылауға үйретуді жалғастыру. Аспан көктем мезгілінде ашық, әдемі түске боялғаның түсіндіру. **Еңбек:** Ойын алаңындағы ағаш бұтақтарын жинау. **Мақсаты:** балаларды еңбек сүйгіштікке , бірлесіп жұмыс жасауға үлкенге көмек беруді үйрету. **Қ\ о:** «Маған қарай жүгіріңдер» **Мақсаты:** шапшаңдыққа,ептілікке үйрету. **Жеке жұмыс:** Әселге көктем мезгілінің ерекшелік-терін айтқызу. **Мақсаты:** көктем мезгілінің	**Бақылау.** « Аула сыпырушының еңбегін» бақылау **Мақсаты:** Аула сыпырушының еңбегін бақылату, балаларға аула ішінің таза, сыпырылып жиналып тұрғаны аула сыпырушының еңбегі екенін түсіндіру. Балаларға аула сыпырушының көктем мезгіліндегі еңбегімен қыс мезгіліндегі еңбегін ажыратып айтуға үйрету. **Еңбек:**Аула сыпырушыға көмектесу. **Мақсаты:** Ауланы таза ұстауға үйрету.. **Қ\о:** «Торғайлар мен автомобиль» **Мақсаты:**Жылдамдыққа, шапшаңдыққа баулу. **Жеке жұмыс:** Нұрасылдан бүгінгі ауа-	**Бақылау** «Азық – түлік таситын көлікті ” бақылау. **Мақсаты:** көлік түрлері туралы түсінік беру. Серуен кезінде балалардың көңілін , азық – түлік , сүт таситын көліктерге аудару. **Еңбек:** Ойын алаңындағы тастарды жинау. **Мақсаты:** балаларға тастарды кішкене шелекке салуға үйрету. **Қ\ о:** «Маған қарай жүгіріңдер» **Мақсаты:** шапшаңдыққа,ептілікке үйрету. **Жеке жұмыс: Нұрәлиге** айналадағы үйлерді көрсету арқылы «көп» , «аз» ұғымын

	сөздік қорын дамыта отырып,қимыл-қозғалыс іскерліктерін жетілдіру. **Жеке жұмыс:** Ақжүніске апта күндерін айтқызу. **Мақсаты:**Сұрақтарға толық жауап беруге дағдыландыру, сөздік қорын дамыту. **Еркін ойындар:**Тәрбиешінің жетекшілігімен ойындар ойнату. **Мақсаты:**Еркін ойын барысында серуенге қызығушылығын арттыру,балаларды бір-бірімен ойын барысында өз ойларын еркін жеткізуге үйрету.	білімдерін қалыптастыру. **Еркін ойын:** Тәрбиешінің жетекшілігімен ойындар ойнау. **Мақсаты:**Еркін ойын барысында серуенге қызығушылығын арттыру,балаларды бір-бірімен ойын барысында өз ойларын еркін жеткізуге үйрету. .	ерекшеліктерін меңгерту, сөздік қорын дамыту. **Еркін ойындар:**Тәрбиешінің жетекшілігімен ойындар ойнату. **Мақсаты:**Еркін ойын бары сында серуенге қызығушы-лығын арттыру,балаларды бір-бірімен ойын барысында өз ойларын еркін жеткізуге үйрету.	райын сұрау. **Мақсаты:**Сұрақтарға толық жауап беруге дағды-ландыру,сөздік қорын дамыту. **Еркін ойындар:** Тәрбиешінің жетекшілігі мен ойындар ойнату. **Мақсаты:**Еркін ойын барысында серуенге қызығушылығын арттыру, бір-бірімен еркін қарым-қатынас жасауға үйрету.	бекіту. **Мақсаты:** Заттарды санына қарай салыстыру қабілетін арттыру, бір затпен көп затты бір – бірінен айыра білуге үйрету. **Еркін ойындар:** Тәрбиешінің жетекшілігімен ойындар ойнау. **Мақсаты:**Еркін ойын барысында серуенге қызығушылығын арттыру, бір-бірімен еркін қарым-қатынас жасауға үйрету

Серуеннен оралу.	Өз бетімен шешінуге,киімдерін шкафтарына жинап салуға,ұқыптылыққа үйреу. Беті қолдарын сабындап жуу.				
Түскі ас.	Үстел басына қолды жуғаннан кейін отыру.Орындыққа өзі отырып, тұру.Тамақты төгіп-шашпай ұқыпты ішуге,тамақтан соң алғыс айтуға үйрету.Түскі аспен таныстыру.				
Түскі ұйқы.	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату.				
	«Әлди ,әлди ақ бөпем» әнің тыңдату	«Бесік жыры» әнін тыңдату.	Баяу музыка тыңдату.	«Арыстан мен тышқан» ертегісін оқып беру.	Аудио ертегі тыңдату
Біртіндеп тұру. Ауа, су ем шаралары	**Ұйқыдын ояту жаттығу кешені .** **№ 14-кешен** **1.Керуеттегі жаттығулар** Көзімізді ашайық Аунап, қунап алайық , Бойымызды жазайық. Қолымызды созайық Жаттығулар жасайық, Ұйқымызды ашайық.				

	« Самал жел» - іште жатып, қолдары дене бойында. Бастарын сәл көтеріп, жел соққанын келістіру:«Ф-ф-ф». «Желдің желпуі» - іште жатып, қолдары дене бойында, қолдарын екі жаққа созу. «Жел бұлттарды айдайды» - тізені құшақтап жату. Аяқты құшақтап денемен адына-артына тербелу. (6-7 рет)				
Бесін ас	Тамақты ұқыпты ішу.Тауысып жеп болған соң тұруға дағдыландыру. Тамақтан соң алғыс айту. Бесін асымен таныстыру.				
Ойындар дербес әрекет	**Д\ойын:** «Таяқшаларды жалғастыр» **Мақсаты:** қысқа және ұзын таяқшаларды жалғастырып жазу арқылы балалардың қолын үйрету.	**Вариативтік компонент:** «Тапқыр достар!» **Тақырыбы:** Көркем өрнек. **Ойын:** «Бөлшектерден құрылған өрнек» (жеке ойын) **Мақсаты:** Түстерді ажыратып, түрлі өрнектер құрастыра білуге үйрету. Түрлі бөлшектерді пайдаланып, үлгідегі пішіндерді жасау.	**Қ\о: «Ақ қоян»** **Мақсаты:** Балаларды жылдамдыққа, ептілікке баулу.Балалар шеңбер жасап жүріп,өлең шумақтарын айтады өлең арқылы балаладың тілін амыту.балалардың көңілін көтеру.	**Вариативтік компонент:** «Кел,билейік!» **Мақсаты:** Әуенді тыңдауға, ырғақты сезініп , би елесіне енуге дағдыландыру. Қимылды әуен ырғағына келтіре білуге үйрету. Педагогтің айтқанын тыңдап, тапсырманы нақты,әдемі орындауға жаттықтыру.	**Еңбекке баулу.** **Мақсаты:**Табиғат бұрышындағы гүлдерге су құйып,күтіп баптау. Ойыншықтарды ретке келтіру.
